ҚАЗ ҰТУ

Л.Ш. Балғабаева, А.С. Шанлаякова

БАСҚАРУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Л. Ш. Балғабаева
А.С. Шанлаякова

БАСҚАРУДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Университеттің ғылыми - әдістемелік кеңесі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2011

ЖОК 004 (075.8)
ББК 32. 973я73

Б 22 ***Балғабаева Л.Ш., Шанлаякова А.С.*** Басқарудың модельдері мен әдістері: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2011. – 175 б.

ISBN 978–601–228–282–5

Оқу құралы мамандардың жұмыс жоспары мен осы пәннің жұмыс бағдарламасына және маманның дәрежелік сипаттамасына қойылған талаптарына негізделіп құрастырылған.

Оқу құралы 5В070400 – Есептеуіш техника және программалық қамтама, 5В070300 – Ақпараттық жүйелер, 050702 – Автоматтандыру мен басқару мамандықтарының студенттеріне, 6М0704, 6М0703 мамандықтарының магистранттарына арналған.

Әдебиеттер тізімі –21 атау.

ББК 32. 973я73

Пікір жазғандар: *Иманғалиев Ш.И.* – АЭжБИ, "Инженерлік кибернетика" кафедрасының техн. ғыл. канд., доценті;
Ахметова М.А. – АЭжБИ, "Компьютерлік технологиялар" кафедрасының техн. ғыл. канд., доценті;
Калижанова А.У. - Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ "ПОС және С" кафедрасының физ.- мат. ғыл. канд., доценті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы жоспары бойынша басылды

КІРІСПЕ

Оқу құралының мақсаты – автоматтандырылған басқару жүйелерінің жұмыс барысында зерттеудің модельдері мен әдістерін игеруге, жүйенің моделін құруды, зерттеу есебін қоюды және математикалық әдістерді қолдануды үйрету болып табылады.

Математикалық бағдарламалаудың түрлері көп. Осы жұмыста келесі математикалық бағдарламалау есептері қарастырылған: сызықтық, бейсызықтық, транспорт, дискретті, динамикалық, тораптық, белгілеу және ойындар теориясы.

Сызықтық бағдарламалау есептерінің келесі түрлері қарастырылған: өнім шығарудың оптималды жоспары, металл өнімдерін тасымалдау, диета туралы, үлестіру есебі. Осы есептерге математикалық модель құру ережесі келтірілген.

Басқару есептерін шешу үшін іс жүзінде оның математикалық моделі қолданылады. Математикалық модель көмегімен есептеуге және болжауға болады. Оқу құралында басқарылатын жүйенің математикалық моделін құру жолдары көрсетілген.

Әрбір математикалық бағдарламалау есептерін шешетін әдістер тобы қарастырылған. Математикалық әдістер алгоритмдері мазмұнды берілген.

Сызықтық бағдарламалау есептерін шығаратын келесі әдістер қарастырылған: графикалық әдіс, тіке симплекс әдісі, қос мағыналы симплекс әдісі.

Транспорт есебінің оптималды шешімін іздеуге потенциалдар әдісі қарастырылған, ал тіректі шешімдерін табатын екі әдіс қарастырылған: минимальды элемент әдісі және солтүстік-батыс бұрыш әдісі.

Дискретті есептер шешімін Гоморидің кесіп түсіру немесе Ленд-Дойг әдістерімен табуға болады. Екі әдістер сандық алгоритмі келтірілген.

Белгілеу есебін шешуге Литтл алгоритмі таңдалған.

Бейсызықтық бағдарламалау есептерінің келесі түрлері қарастырылған: бірөлшемді, шартсыз көпөлшемді, шартты көпөлшемді. Осы есептер шешімін табатын келесі әдістер қарастырылған: алтын қиық, циклдік әрбір координата бойынша құлдилау, барынша тез құлдилау, Франк-Вульф, Ньютон-Рабсон.

Ойындар теориясының өз ерекшеліктері бар және ойындар шешімі ойыншылар стратегиясына байланысты. Ойындар теориясы бөлімінде келесі әдістер қарастырылған: графикалық әдіс, сызықтық бағдарламалау есебіне келтіру әдісі.

Сондай-ақ, оқу құралы басқарылатын жүйенің моделін құруды, зерттеу есептерін қоюды, математикалық әдістерді қолдануды және ізделінді нәтижелерді алу үшін есептеу әдістерін, көрсетілген нәтижелерді талдауды, басқарылатын операциялар шешімінің тиімділігін алдын ала сандық түрде негіздеуді үйретеді.

1. ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН КӘДІМГІ ЖОРДАН ШЫҒАРУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ШЕШУ

Теңдеулер жүйесі келесі түрде жазылған болсын:

$$y_i = a_{i1}x_1 + a_{i2}x_2 + ... + a_{in}x_n, \quad i = \overline{1,m} \tag{1.1}$$

Осы теңдеулермен кестені толтырсақ:

1.1- кесте

	x_1 ... x_s ... x_n
y_1	a_{11} ... a_{1s} ... a_{1n}
...	....
y_r	a_{r1} ... a_{rs} ... a_{rn}
...	....
y_m	a_{m1} ... a_{ms} ... a_{mn}

Теңдеу жүйесін шешу үшін жорданның шығаруын қолданамыз. “rs”-ші “a” шешуші элементі бар жордан шығаруларының бір қадамы бірінші кестені жаңа кестеге келесі бес ережемен аударады:

1^0. Шешуші элемент бірлікке ауыстырылады.

2^0. Шешуші бағанның қалған элементтері сол күйінде қалады.

3^0. Шешуші жолдың қалған элементтері өз таңбаларын ауыстырады.

4^0. Жаңа элементтер a'_{ij} келесі өрнек бойынша табылады:

$a'_{ij} = a_{ij}a_{rs} - a_{is}a_{rj} \quad (i \neq r,\ j \neq s)$ (төртбұрыш ережесі).

5^0. Кестенің барлық элементтері шешуші элементке бөлінеді.

Жордан шығаруларын қолданудың 3 тәсілі бар:

1. Кері матрицаны табу.

(1)-ші теңдеу жүйесін келесі түрде жазайық:

$$a_{i1}x_1 + a_{i2}x_2 + ... + a_{in}x_n = a_i, \quad i = \overline{1,n} \tag{1.2}$$

1.2- кесте

	x_1 x_2 ... x_n
a_1	
a_2	
...	$A_{(n\times n)}$
a_n	

Жордан шығаруларын n-рет қолданып, жаңа кестеге келеміз:

1.3- кесте

	a_1 a_2 ... a_n
x_1	
x_2	
...	$A^{-1}{}_{(n\times n)}$
x_n	

1- мысал

$$\begin{cases} 2x_1 - 5x_2 + 3x_3 + x_4 = 5 \\ 3x_1 - 7x_2 + 3x_3 - x_4 = -1 \\ 5x_1 - 9x_2 + 6x_3 + 2x_4 = 7 \\ 4x_1 - 6x_2 + 3x_3 + x_4 = 8 \end{cases}$$

1.4- кесте

	x_1	x_2	x_3	x_4
5	2	-5	3	1
-1	3	-7	3	-1
7	$\boxed{5}$	-9	6	2
8	4	-6	3	1

1.5- кесте

	x_1	x_2	x_3	5
x_4	-2	5	-3	1
-1	5	-12	6	-1
7	$\boxed{1}$	1	0	2
8	2	-1	0	1

1.6- кесте

	7	x_2	x_3	5
x_4	-2	7	-3	5
-1	5	-17	$\boxed{6}$	-11
x_1	1	-1	0	-2
8	2	-3	0	-3

1.7- кесте

	7	x_2	-1	5
x_4	3	-9	-3	-3
x_3	-5	17	1	11
x_1	6	-6	0	-12
8	12	-18	0	-18

/6

1.8- кесте

	7	x_2	-1	5
x_4	1/2	-3/2	-1/2	-1/2
x_3	-5/6	17/6	1/6	11/6
x_1	1	-1	0	-2
8	2	$\boxed{-3}$	0	-3

1.9- кесте

	7	8	-1	5	
x_4	3/2	-3/2	3/2	-3	
x_3	-19/6	17/6	-1/2	3	/(-3)
x_1	-1	-1	0	3	
x_2	-2	1	0	3	

1.10- кесте

	7	8	-1	5
x_4	-1/2	1/2	-1/2	1
x_3	19/18	-17/18	1/6	-1
x_1	1/3	1/3	0	-1
x_2	2/3	-1/3	0	-1

$$x_1 = 7\times\frac{1}{3}+8\times\frac{1}{3}+(-1)\times 0+5\times(-1)=0$$

$$x_2 = 7\times\frac{2}{3}+8\times\left(-\frac{1}{3}\right)+(-1)\times 0+5\times(-1)=-3$$

$$x_3 = 7\times\frac{19}{18}+8\times\left(-\frac{17}{18}\right)+(-1)\times\frac{1}{6}+5\times(-1)=-\frac{16}{3}$$

$$x_4 = 7\times\left(-\frac{1}{2}\right)+8\times\frac{1}{2}+(-1)\times\left(-\frac{1}{2}\right)+5\times 1=6$$

$$X^* = \left(0;\,-3;\,-\frac{16}{3};\,6\right)$$

2. Жордан-Гаусс әдісі.

Теңдеулер жүйесін келесі түрде жазамыз:

$$a_{i1}x_1 + a_{i2}x_2 + \ldots + a_{in}x_n - a_i = 0, \quad i=\overline{1,n} \qquad (3)$$

Кестені толтырамыз:

1.11- кесте

	x_1	x_s	...	x_n	1
0	a_{11}	a_{12}	...	a_{1n}	$-a_1$
0	a_{21}	a_{22}	...	a_{2n}	$-a_2$
...	....				...
0	a_{n1}	a_{n2}	...	a_{nn}	$-a_n$

Бос мүшелі баған
(бос мүшелер бағаны)

Жордан шығаруларын n-рет қолданып, әрбір қадамнан кейін нөл-бағанды сызып, келесі түрдегі кестеге келеміз:

1.12-кесте

	1
x_1	b_1
x_2	b_2
...	...
x_n	b_n

2- мысал

$$\begin{cases} 2x_1 - 5x_2 + 3x_3 + x_4 - 5 = 0 \\ 3x_1 - 7x_2 + 3x_3 - x_4 + 1 = 0 \\ 5x_1 - 9x_2 + 6x_3 + 2x_4 - 7 = 0 \\ 4x_1 - 6x_2 + 3x_3 + x_4 - 8 = 0 \end{cases}$$

1.13- кесте

	x_1	x_2	x_3	x_4	1
0	2	-5	3	$\boxed{1}$	-5
0	3	-7	3	-1	1
0	5	-9	6	2	-7
0	4	-6	3	1	-8

1.14- кесте

	x_1	x_2	x_3	0	1
x_4	-2	5	-3	1	5
0	5	-12	6	-1	-4
0	$\boxed{1}$	1	0	2	3
0	2	-1	0	1	-3

1.15- кесте

	x_1	x_2	x_3	1
x_4	-2	5	-3	5
0	5	-12	6	- 4
0	$\boxed{1}$	1	0	3
0	2	-1	0	-3

1.16- кесте

	0	x_2	x_3	1
x_4	-2	7	-3	11
0	5	-17	6	-19
x_1	1	-1	0	-3
0	2	-3	0	-9

1.17- кесте

	x_2	x_3	1
x_4	7	-3	11
0	-17	$\boxed{6}$	-19
x_1	-1	0	-3
0	-3	0	-9

1.18- кесте

	x_2	0	1
x_4	-9	-3	9
x_3	17	1	19
x_1	-6	0	-18
0	-18	0	-54

/6

1.19- кесте

	x_2	1
x_4	-3/2	3/2
x_3	17/6	19/6
x_1	-1	-3
0	$\boxed{-3}$	-9

/(-3)

1.20- кесте

	0	1
x_4	-3/2	-18
x_3	17/6	16
x_1	-1	0
x_2	1	9

1.21- кесте

	1
x_4	6
x_3	-16/3
x_1	0
x_2	-3

$$X^* = \left(0; -3; -\frac{16}{3}; 6\right)$$

3. Гаусс әдісі.

Жордан шығаруларының әрбір қадамынан кейін 0-ші бағанды шығарып тастап, әрбір x_s үшін сәйкесті өрнекті жазып, шешуші жолды кестеден шығарып тастаймыз. Ең ақырғы қадамда x_i-дің мәнін табамыз:

1.22- кесте

	1
x_i	b_i

Осы табылған мәндерді үстіңгі өрнекке қоямыз, содан соң х-тардың мәнін табамыз.

3- мысал

$$\begin{cases} 2x_1 - 5x_2 + 3x_3 + x_4 - 5 = 0 \\ 3x_1 - 7x_2 + 3x_3 - x_4 + 1 = 0 \\ 5x_1 - 9x_2 + 6x_3 + 2x_4 - 7 = 0 \\ 4x_1 - 6x_2 + 3x_3 + x_4 - 8 = 0 \end{cases}$$

1.23- кесте

	x_1	x_2	x_3	x_4	1
0	2	-5	3	$\boxed{1}$	-5
0	3	-7	3	-1	1
0	5	-9	6	2	-7
0	4	-6	3	1	-8

1.24- кесте

	x_1	x_2	x_3	0	1
x_4	-2	5	-3	1	5
0	5	-12	6	-1	-4
0	$\boxed{1}$	1	0	2	3
0	2	-1	0	1	-3

$$x_4 = -2 \times x_1 + 5 \times x_2 + (-3) \times x_3 + 5$$

1.25- кесте

	x_1	x_2	x_3	1
0	5	-12	6	-4
0	$\boxed{1}$	1	0	3
0	2	-1	0	-3

1.26- кесте

	0	x_2	x_3	1
0	5	-17	6	-19
x_1	1	-1	0	-3
0	2	-3	0	-9

1.27- кесте

	x_2	x_3	1
0	-17	$\boxed{6}$	-19
0	-3	0	-9

$$x_1 = (-1)\times x_2 + 0\times x_3 + (-3)\times 1$$

1.28- кесте

	x_2	0	1
x_3	17	1	19
0	-18	0	-54

/6

1.29- кесте

	x_2	1
x_3	17/6	19/6
0	$\boxed{-3}$	-9

$$x_3 = \frac{17}{6}\times x_2 + \frac{19}{6}\times 1$$

1.30- кесте

	0	1
x_2	1	9

/(-3)

1.31- кесте

	1
x_2	-3

$$x_2 = -3$$

$$x_3 = \frac{17}{6}\times(-3) + \frac{19}{6}\times 1 = -\frac{51}{6} + \frac{19}{6} = -\frac{32}{6} = -\frac{16}{3}$$

$$x_1 = (-1)\times(-3) + 0\times(-\frac{16}{3}) + (-3)\times 1 = 3 - 3 = 0$$

$$x_4 = -2\times 0_1 + 5\times(-3) + (-3)\times(-\frac{16}{3}) + 5 = -15 + \frac{48}{3} + 5 = 6$$

$$X^* = \left(0;\ -3;\ -\frac{16}{3};\ 6\right)$$

1 - тапсырма. Келесі сызықты теңдеулер жүйесін шешу керек:

1) $\left.\begin{array}{r} x_1 - x_2 + x_3 = 3 \\ 2x_1 + x_2 + x_3 = 11 \\ x_1 + x_2 + 2x_3 = 8 \end{array}\right\};$ 2) $\left.\begin{array}{r} x_1 + 2x_2 + x_3 = 8 \\ -2x_1 + 3x_2 - 3x_3 = -5 \\ 3x_1 - 4x_2 + 5x_3 = 10 \end{array}\right\};$

3) $\left.\begin{array}{l} x_1 + 2x_2 + 3x_3 = 6 \\ 2x_1 + 3x_2 - x_3 = 4 \\ 3x_1 + x_2 - 4x_3 = 0 \end{array}\right\}$;

4) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 - x_2 + x_3 = 3 \\ x_1 + 3x_2 - 2x_3 = 1 \\ x_2 + 2x_3 = 8 \end{array}\right\}$;

5) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 - 3x_2 - x_3 + 6 = 0 \\ 3x_1 + 4x_2 + 3x_3 + 5 = 0 \\ x_1 + x_2 + x_3 + 2 = 0 \end{array}\right\}$;

6) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 - x_2 + x_3 = 3 \\ x_1 + 3x_2 - 2x_3 = 1 \\ x_2 + 2x_3 = 8 \end{array}\right\}$;

7) $\left.\begin{array}{l} 3x_1 + 2x_2 + x_3 = 5 \\ x_1 + x_2 - x_3 = 0 \\ 4x_1 - x_2 + 5x_3 = 3 \end{array}\right\}$;

8) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 - 3x_2 - x_3 = -7 \\ -3x_1 + 5x_2 + 2x_3 = 19 \\ -x_1 + 2x_2 + x_3 = 12 \end{array}\right\}$;

9) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 + 2x_2 + x_3 = 9 \\ x_1 + x_2 = 3 \\ 2x_2 + x_3 = 7 \end{array}\right\}$;

10) $\left.\begin{array}{l} x_1 + 2x_2 + x_3 = 4 \\ 3x_1 - 5x_2 + 3x_3 = 1 \\ 2x_1 + 7x_2 - x_3 = 8 \end{array}\right\}$;

11) $\left.\begin{array}{l} x_1 + x_2 + x_3 = 2 \\ 3x_1 + 2x_2 + 2x_3 = 1 \\ 4x_1 + 3x_2 + 3x_3 = 4 \end{array}\right\}$;

12) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 - 4x_2 + 3x_3 = 1 \\ x_1 - 2x_2 + 4x_3 = 3 \\ 3x_1 - x_2 + 5x_3 = 2 \end{array}\right\}$;

13) $\left.\begin{array}{l} x_1 + 2x_2 - x_3 = 2 \\ 2x_1 - 3x_2 + 2x_3 = 2 \\ 3x_1 + x_2 + x_3 = 8 \end{array}\right\}$;

14) $\left.\begin{array}{l} x_1 + 2x_2 + 2x_3 = 9 \\ 2x_1 + x_2 - 2x_3 = 0 \\ 2x_1 - 2x_2 + x_3 = 0 \end{array}\right\}$;

15) $\left.\begin{aligned} 2x_1+3x_2+11x_3+5x_4&=5\\ x_1+x_2+5x_3+2x_4&=3\\ 3x_1+2x_2+8x_3+4x_4&=5\\ 3x_1+4x_2+14x_3+9x_4&=4 \end{aligned}\right\};$

16) $\left.\begin{aligned} 4x_1+7x_2\qquad\qquad&=-10\\ x_1+2x_2\qquad\qquad&=-3\\ 7x_3-4x_4&=-1\\ -5x_3+3x_4&=1 \end{aligned}\right\};$

17) $\left.\begin{aligned} 2x_1-5x_2+3x_3+x_4&=5\\ 3x_1-7x_2+3x_3-x_4&=-1\\ 5x_1-9x_2+6x_3+2x_4&=7\\ 4x_1-6x_2+3x_3+x_4&=8 \end{aligned}\right\};$

18) $\left.\begin{aligned} x_1+2x_2+3x_3-2x_4&=6\\ 2x_1+4x_2-2x_3-3x_4&=18\\ 3x_1+2x_2-x_3+2x_4&=4\\ 2x_1-3x_2+2x_3+x_4&=-8 \end{aligned}\right\};$

19) $\left.\begin{aligned} 7x_1+x_2+3x_3-8x_4&=3\\ 2x_1+3x_2+4x_3-2x_4&=1\\ -3x_1-2x_2-9x_3-x_4&=-4\\ 7x_1-3x_2-4x_3-7x_4&=8 \end{aligned}\right\};$

20) $\left.\begin{aligned} 7x_1+x_2-2x_3+3x_4&=11\\ 2x_1+x_3-4x_4&=-8\\ x_1+4x_2+5x_3+x_4&=10\\ 2x_1-2x_2+4x_3+9x_4&=39 \end{aligned}\right\};$

21) $\left.\begin{aligned} x_1+2x_2+3x_3-2x_4&=6\\ 2x_1+4x_2-2x_3-3x_4&=18\\ 3x_1+2x_2-x_3+2x_4&=4\\ 2x_1-3x_2+2x_3+x_4&=-8 \end{aligned}\right\};$

22) $\left.\begin{aligned} 4x_1-17x_2-6x_3-5x_4&=-17\\ 43x_1+24x_2-x_3+3x_4&=28\\ x_2+2x_3+x_4&=9\\ 2x_1+x_2\qquad\qquad&=1 \end{aligned}\right\};$

23) $\left.\begin{aligned} x_1+4x_2\qquad-x_4&=5\\ 2x_1-3x_2+x_3+x_4&=3\\ x_1\qquad+2x_3-x_4&=3\\ 2x_2-3x_3+2x_4&=3 \end{aligned}\right\};$

24) $\left.\begin{aligned} 2x_1+3x_2-x_3+x_4&=-3\\ 3x_1-x_2+2x_3+4x_4&=8\\ x_1+x_2+3x_3-2x_4&=6\\ -x_1+2x_2+3x_3+5x_4&=3 \end{aligned}\right\};$

25) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 + 2x_2 - x_3 + x_4 = 4 \\ 4x_1 + 3x_2 - x_3 + 2x_4 = 6 \\ 8x_1 + 5x_2 - 3x_3 + 4x_4 = 12 \\ 3x_1 + 3x_2 - 2x_3 + 2x_4 = 6 \end{array}\right\}$;

26) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 + 3x_2 - x_3 + x_4 = -3 \\ 3x_1 - x_2 + 2x_3 + 4x_4 = 8 \\ x_1 + x_2 + 3x_3 - 2x_4 = 6 \\ -x_1 + 2x_2 + 3x_3 + 5x_4 = 3 \end{array}\right\}$;

27) $\left.\begin{array}{l} 3x_1 + 5x_2 + 10x_3 + 14x_4 + 18x_5 = 2 \\ x_1 + x_2 + 4x_3 + 6x_4 + 8x_5 = 2 \\ 5x_1 - 4x_2 + 19x_3 + 25x_4 + 30x_5 = 15 \\ 2x_1 - 7x_2 + 7x_3 + 7x_4 + 2x_5 = 9 \\ x_1 - 11x_2 + 2x_3 + 4x_4 - 8x_5 = 14 \end{array}\right\}$;

28) $\left.\begin{array}{l} x_1 + x_2 + 4x_3 + 4x_4 + 9x_5 = 10 \\ 2x_1 + 2x_2 + 17x_3 + 17x_4 + 82x_5 = 84 \\ 2x_1 + 3x_3 - x_4 + 4x_5 = 6 \\ x_2 + 4x_3 + 12x_4 + 27x_5 = 27 \\ x_1 + 2x_2 + 2x_3 + 10x_4 = 1 \end{array}\right\}$;

29) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 - 4x_2 + 5x_3 + 3x_4 = 10 \\ -3x_1 + 5x_2 + x_3 - 7x_4 = -8 \\ x_1 + 3x_2 - 4x_3 + 10x_4 = 2 \\ 7x_1 + 12x_2 + 3x_3 + 2x_4 = -14 \end{array}\right\}$;

30) $\left.\begin{array}{l} x_1 - 6x_2 + 4x_3 - 2x_4 = 9 \\ 4x_2 + 2x_3 + x_4 = 3 \\ 2x_1 + 3x_2 + 2x_4 = 5 \\ x_1 + 3x_3 - 4x_4 = -5 \end{array}\right\}$;

31) $\left.\begin{array}{l} \frac{1}{3}x_1 - \frac{2}{5}x_2 + 2x_3 + \frac{1}{2}x_4 = 2 \\ \frac{1}{6}x_1 + \frac{1}{5}x_2 - \frac{1}{2}x_3 + x_4 = 3 \\ 2x_1 - x_2 + 4x_3 + 10x_4 = 25 \\ -3x_1 + 4x_2 - 11x_3 + 4x_4 = 8 \end{array}\right\}$;

32) $\left.\begin{array}{l} -\frac{1}{10}x_1 + 2x_2 + 3x_3 + 4x_4 = -3 \\ x_1 + 4x_2 + 3x_3 - 2x_4 = 15 \\ \frac{1}{5}x_1 - 8x_2 + 6x_3 + x_4 = -1 \\ 2x_1 - 14x_2 - 30x_3 + 2x_4 = 1 \end{array}\right\}$;

33) $\left.\begin{array}{l} 3x_1 + 2x_2 + 5x_3 + 4x_4 = 20 \\ -2x_1 - 3x_2 + 5x_3 - 3x_4 = -9 \\ x_1 + x_2 + x_3 + x_4 = 6 \\ -x_1 - x_2 - x_3 - x_4 = -6 \end{array}\right\};$

34) $\left.\begin{array}{l} 5x_1 + 3x_2 + x_3 + 2x_4 = 13 \\ 2x_1 + 2x_2 - 3x_3 + 2x_4 = 8 \\ 7x_1 - 3x_2 + \frac{3}{2}x_3 + 5x_4 = 6 \\ x_1 + 2x_2 + x_3 + x_4 = 4 \end{array}\right\};$

35) $\left.\begin{array}{l} x_1 + 3x_2 + 4x_3 + x_4 = -2 \\ 2x_1 - 3x_2 + x_3 + 3x_4 = 4 \\ 3x_1 + 4x_2 - x_3 + x_4 = -3 \\ x_1 + 5x_2 + 7x_3 - 2x_4 = 6 \end{array}\right\};$

36) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 + 3x_2 + 4x_3 + x_4 = 2 \\ 4x_1 + 3x_2 + 4x_3 - x_4 = 0 \\ x_1 + 6x_2 + 2x_3 - \frac{1}{2}x_4 = 1 \\ 3x_1 + 9x_2 + 3x_3 + 3x_4 = 6 \end{array}\right\};$

37) $\left.\begin{array}{l} -2x_1 + 2x_2 + 3x_3 - 5x_4 = 2 \\ 4x_1 - 3x_2 - x_3 - x_4 = 1 \\ x_1 - x_2 + x_3 - x_4 = 0 \\ 3x_1 - 4x_2 + 2x_3 - 3x_4 = 2 \end{array}\right\};$

38) $\left.\begin{array}{l} 3x_1 - 3x_2 + x_3 + x_4 = -2 \\ 2x_1 + x_2 + x_3 + 3x_4 = 0 \\ 5x_1 + 2x_2 - x_3 - 5x_4 = 5 \\ x_1 + 5x_2 + 3x_3 + 7x_4 = 4 \end{array}\right\};$

39) $\left.\begin{array}{l} x_1 + 3x_2 + x_3 + 2x_4 = 11 \\ 2x_1 + x_2 + 2x_3 - 4x_4 = 1 \\ x_1 - 2x_2 - 3x_3 + 4x_4 = 6 \\ 3x_1 - 8x_2 + x_3 - x_4 = 0 \end{array}\right\};$

40) $\left.\begin{array}{l} 2x_1 + 3x_2 - 4x_3 + x_4 = 0 \\ 5x_1 + x_2 + 2x_3 - 3x_4 = 1 \\ x_1 + 2x_2 - 3x_3 + x_4 = 0 \\ 4x_1 - 4x_2 - 3x_3 + 2x_4 = 1 \end{array}\right\};$

2. МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕСЕПТЕРІ

Халық шаруашылығын ұйымдастыру кезінде көптеген мәселелер туындайды: өнім санын оптималдандыру, бұйым сапасын оптималдандыру, қаржы бөлу, жабдықтардың типтік өлшемдерін оптималдандыру және т.с.с. Осындай мәселелерді шешу үшін математикалық модельдер қолданған жөн. Математикалық модель көмегімен қойылған мәселені болжауға және есептеуге болады.

Модель – ақиқатты нақты белгілеу. Математикалық модельді тұрғызу үшін тәуелсіз және тәуелді айнымалыларды енгізеді. Тәуелсіз айнымалылар – есептің негізгі шешімдерін табу кезінде қолданылады. Олар тиімділік айнымалымен, қозғаушы күштермен байланысты. Математикалық модель мақсатты функция мен шектеулерден тұрады. Мақсатты функция – деп тәуелсіз айнымалылардың максимальды немесе минимальды мәнін іздейтін функцияны айтады. Шектеулер – ол тәуелсіз айнымалылар жиынтығының дәлдік шегін анықтайтын теңдеулер жүйесі.

4-мысал. Қоспаның ең жақсы құрамын анықтау (диета туралы).

Мал шаруашылығында малға тәулікте берілетін жем құрамы жоспарланады. Жем құрамында белгілі бір қоректі заттар болуы тиіс. Жем бірлігінің бағасы белгілі. Жем түрлерін таңдаған сәтте олардың жалпы бағасы минимальды болатындай және қоректі заттар қажетті мөлшерде болуы тиіс.

Негізгі белгілеулер:

n ($j = \overline{1,n}$) - жем түрлері;

m ($i = \overline{1,m}$) - қоректі заттар саны;

a_{ij} - j-ші жемнің бірлігіндегі i-ші заттың бірлігі;

b_i - тәуліктегі қоректі заттың қажеттілігі;

c_j - j-ші жем бірлігінің бағасы;

x_j - жем түрлерінің мөлшері.

Қарапайым актілер:

1) Жем түрлерінің жалпы бағасын минимальдау.
2) Тәулікте қоректі заттар мөлшерін қанағаттандыру.

Есептің математикалық моделі:

$$z = \sum_{j=1}^{n} C_j x_j \to \min ,$$

$$\sum_{j=1}^{n} a_{ij} x_j \ge b_i ,$$

$$x_j \ge 0, i = \overline{1, m} .$$

5- мысал. Өнім шығарудың оптималды жоспары.

Кәсіпорын n түрлі өнім шығарады ($j = \overline{1, n}$). a_{ij} -арқылы j-ші өнім бірлігіне жұмсалатын i-ші шикізат бірлігін; b_i ($i = \overline{1, m}$) арқылы – i-ші шикізаттың толық көлемін; C_j арқылы –j-ші өнімнен кәсіпорын алатын пайданы; a_j , A_j арқылы – алдын ала белгіленіп шығарылатын өнімнің төменгі және жоғарғы шегін белгілейміз.

Шикізат көлемі бойынша технологиялық іске асыратын, шығарылатын өнімнің көлемін қанағаттандыратын және де кәсіпорынға үлкен пайда әкелетін өнім шығаратын жоспардың тиімділігін анықтау.

Тәуелсіз айнымалылар:

x_j, $j = \overline{1, n}$ -шығарылатын өнім көлемі.

Қарапайым актілер:

1) Кәсіпорын пайдасын максимальдау.
2) Шығарылатын өнім көлемін қанағаттандыру.
3) Шикізат көлемінің шектілігін ескеру.

Есептің математикалық моделі:

$$z = \sum_{j=1}^{n} C_j x_j \to \max ,$$

$$\left.\begin{aligned} & a_j \le x_j \le A_j ,\ j = \overline{1,n} \\ & \sum_{j=1}^{n} a_{ij} x_j \le b_i ,\ i = \overline{1,m} \end{aligned}\right\},$$

$$x_j \ge 0,\ j = \overline{1,n}.$$

6-мысал. Металл өнімдерін тасымалдауды жоспарлау (транспорт есебі).

Өндірістік қуаттары a_i-ге тең бірыңғай металл өнім шығаратын металлургия завод жеткізушілері m қалада орналасқан. Ал n қалада тұтынатын көлемі b_j -ға тең металл өнімдерін тұтынушылар бар. Бұл қалалар теміржол желілерімен байланысқан және қалалардың өзара қашықтықтары берілген a_{ij} , к-жүк бірлігінің арақашықтық бірлігіне тасымалдау құны, к$=\left[\dfrac{тн}{T \cdot км}\right]$. Материалдық-техникалық жабдықтау басқармасына транспорт шығындары минимальды болатындай етіп, тұтынушыларды жеткізіп берушілерге бекіту керек.

Келесі белгілеулер енгізейік:

$C_{ij} = k \cdot a_{ij} [\dfrac{тн}{T}]$ тасымалдау құны.

Тәуелсіз айнымалылар: x_{ij} -тасымалданатын металл өнімдерінің көлемі.

Қарапайым актілер:

1) Транспорт шығындарын минимальдау.
2) Тұтынушылардың сұраныстарын толық қамтамасыз ету.
3) Өндіріс қуаттарының шектілігін ескеру.

Есептің математикалық моделі:

$$Z = \sum_{i=1}^{m} \sum_{j=1}^{n} C_{ij} X_{ij} \to \min$$

$$\left.\begin{aligned} &\sum_{i=1}^{m} X_{ij} \geq b_j,\ j=\overline{1,n} \\ &\sum_{j=1}^{n} X_{ij} \leq a_i,\ i=\overline{1,m} \end{aligned}\right\},$$

$$X_{ij} \geq 0,\ i=\overline{1,m},\ j=\overline{1,n}.$$

7- мысал. Белгілеу (үлестіру) туралы есеп.

n механизмдерді үлестіру туралы есепте әрбір механизм тек бірден бір жұмысты орындайтын етіп және әрбір механизмнің берілген өнімділігі бойынша әрбір жеке жұмыстың жалпы тиімділігі максимальды болатындай етіп, n жұмысқа бөлу керек.

Белгілеулер:

a_{ij}, $i=\overline{1,n}$, $j=\overline{1,n}$ - i-ші механизмнің j-ші жұмыстағы өнімділігі,

x_{ij} - i-ші механизмді j-ші жұмысқа белгілеу.

Қарапайым актілер:

1) Процесс тиімділігін максимальдау.
2) Бір механизм бір жұмысты орындайды.
3) Бір жұмыс тек бір механизммен орындалу керек.

Есептің математикалық моделі:

$$z = \sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{n} C_{ij}x_{ij} \to \max,$$

$$\left.\begin{aligned} &\sum_{j=1}^{n} x_{ij} = 1, i=\overline{1,n} \\ &\sum_{i=1}^{n} x_{ij} = 1,\ j=\overline{1,n} \end{aligned}\right\},$$

$$x_{ij} = \begin{cases} \textit{1, егер i – механизм j-жұмысқа белгіленген болса,} \\ \textit{0, егер i – механизм j-жұмысқа белгіленбеген болса.} \end{cases}$$

8 – мысал

Өнеркәсіпте шикізат қоры, жұмыс күші және құрал-жабдықтар бар. Осы өнеркәсіпке кез келген 4 түрлі шығарылатын өнімнің түрі керек. Берілген бірлік өнімнің түрін дайындаудағы қор шығындары, өнеркәсіптен алынған пайда келесі кестеде көрсетілген:

Өнімнің түрі / Қордың түрі	1	2	3	4	Қордың көлемі
Шикізат, кг	3	5	2	4	60
Жұмыс күші, адам	22	14	18	30	400
Жабдықтау, станок-адам	10	14	8	16	128
Бірлік өнімнің пайдасы, тг	30	25	56	48	

Осы берілген мәліметтерді қолданып, пайда максимальды болу үшін қандай өнім ассортиментін шығару керек?

Шешімі:

Тәуелсіз айнымалылар енгізейік:

x_1, x_2, x_3, x_4 - өнім ассортименті.

Есептің математикалық моделі:

$$z = 30x_1 + 25x_2 + 56x_3 + 48x_4 \to \max,$$

$$\begin{cases} 3x_1 + 5x_2 + 2x_3 + 4x_4 \le 60 \\ 22x_1 + 14x_2 + 18x_3 + 30x_4 \le 400 \\ 10x_1 + 14x_2 + 8x_3 + 16x_4 \le 128 \end{cases}$$

$$x_1 \ge 0, x_2 \ge 0, x_3 \ge 0, x_4 \ge 0.$$

9 – мысал

Мұнай өңдеуші зауыт 4 жартылай фабрикат алады: 400 мың литр алкилит, 250 мың литр крекинг– бензин, 350 мың литр тура өңдеуден алынған бензин және 100 мың литр изопентон. Осы төрт компоненттерді әртүрлі пропорциямен араластыру нәтижесінде үш түрлі авиациялық бензин шығады:

А бензині: 2:3:5:2

В бензині: 3:1:2:1

С бензині: 2:2:1:3

Көрсетілген бензин сорттарының 1 мың литрінің бағасы 120 тг, 100 тг, 150 тг. Компоненттерді максимальды пайдалану шарты бойынша, барлық өнімнің осы құнына қол жеткізуге болатын компоненттерді араластыру жобасын анықтау.

Айнымалылар енгізейік:

x_1, x_2, x_3 – А, В, С бензин түрлерін шығару жоспары.

Есептің математикалық моделі:

$$z = 120x_1 + 100x_2 + 150x_3 \to \max,$$

$$\left.\begin{array}{l} \frac{2}{12}x_1 + \frac{3}{7}x_2 + \frac{2}{8}x_3 \le 400 \\ \frac{3}{12}x_1 + \frac{1}{7}x_2 + \frac{2}{8}x_3 \le 250 \\ \frac{5}{12}x_1 + \frac{2}{7}x_2 + \frac{1}{8}x_3 \le 350 \\ \frac{2}{12}x_1 + \frac{1}{7}x_2 + \frac{3}{8}x_3 \le 100 \end{array}\right\},$$

$$x_1 \ge 0, x_2 \ge 0, x_3 \ge 0.$$

2 - тапсырма. Келесі есептердің математикалық моделін құру керек:

1) Өндірістің жоспарлануы 1:2:3 қатынасымен кәсіпорын өнімінің үш түрін (А, Б, В) шығаруы керек, саны 200 бірлік еңбек ресурстары пайдаланады және өндірілген өнімінің бөлігі өндіріс ішіндегі тұтыну болады. Кестеде берілген өнімінің өндіріс бірлігін есептегендегі өндіріс аралық еңбек шығыны, коэффициенттері берілген.

Ресурстар	Шығын шамасы		
	А	Б	В
А	-	0.5	0.2
Б	-	-	0.2
Еңбек	2	3	1

Соңғы өнімнің ең үлкен шамасынан кәсіпорынға тиімді жоспарды анықтау керек.

2) Малға берілетін тәуліктік азық мөлшерін жасауда жас пішен (50 кг- нан артық емес) және сүр шөпті (85 кг- нан артық

емес) пайдалануға болады. Азық мөлшерінің белгілі нәрлілігі (азық өлшемінің саны 30- дан кем емес) және құрамында құнарлы заттар болуы керек: ақуыз (1 кг-нан артық емес), кальций (100 г-нан артық емес) және фосфор (80 г-нан артық емес).

Келесі кестеде аталған компоненттердің әрбір азықтың (тағамның) 1 кг-дағы мөлшері және осы азықтардың өзіндік құны (тн/кг) туралы мағлұмат көрсетілген:

Компоненттер / Өнімдер	Азық мөлшерінің саны	Ақуыз г/кг	Кальций г/кг	Фосфор г/кг	Өзіндік құны тн/кг
Жас пішен	0,5	40	1,25	2	1,2
Сүр шөп	0,5	10	2,5	1	0,8

Өзіндік құны минимальды болатындай оптималды азық мөлшерін анықтау керек.

3) Кәсіпорын екі түрлі А және В автомобиль бөлшегін шығарады. Кәсіпорын бұрғыланатын, жонылатын, тегістелетін дайын металдарды сатып алады. Кәсіпорын станок бөлімінің өнімділігін сипаттайтын мәліметтер кестеде берілген.

Станоктар	Әр станоктың өнімділігі (сағ/бөл)		Станок уақытының бағасы (тг)
Жонылатын	25	40	20
Бұрғыланатын	28	35	14
Тегістелетін	35	25	17.5

А бөлшегін шығаратын дайын зат құны 2 теңге, В бөлшегі шығарылатын дайын зат құны 3 теңге. А және В бөлшектерін 5 және 6 теңгеден сатады. Шығарылатын өнім жоспарының тиімділігін табу керек. (Бір сағатта әртүрлі бөлшектің қаншасы шығарылады).

4) Совхозда 6 жыл көлемінде бағыла алатын, жүз басты ірі қара малдан тұратын табын бар. Малдың бөлігін мына бағалармен, 600, 580, 560, 540, 520 және 500 теңге мал басы үшін жыл соңына сәйкес сатуға болады. Табындағы қалған мал саны

келесі жылдың соңында екі есеге көбейеді. Сатудың жобаланған мерзімдегі (6 жыл) мал көп пайда келтіретін, ең қолайлы жобасын анықтау керек.

5) Өнеркәсіпке 2 партия фанер келіп түсті, әрқайсысында 400 және 250 тақта сәйкес. Осылардан үш кесу тәсілі бойынша комплект дайындау керек, 4 деталь 1-түрінен, 3 деталь 2-түрінен және 2 деталь 3-түрінен. Фанер партиясы әрқайсысы әртүрлі әдіспен кесіледі.

Кесу тәсілі келесі кестеде көрсетілген:

1- партия				2- партия		
Кесу тәсілі / Деталь	1	2	3	Кесу тәсілі / Деталь	1	2
1	0	6	9	1	6	5
2	4	3	4	2	5	4
3	10	16	0	3	8	0

Комплектлерді дайындаудың максимальды санын қамтамасыз етуге болатындай материалдарды кесуді талап етеді.

6) Үш мұнай өндіру заводтары күнделікті 6,5 және 6 млн. литр бензин өнімділігімен сұраныстары 4,8 және 7 млн. литр құрайтын үш бензин сақтау орнын қамтамасыз етеді. Бензин сақтау орнына құбыр өткізгіштерімен тасымалданады.

1 км-ге 100 л бензинді айдау шығыны 0,2 теңгені құрайды. Бірінші бензин сақтау орнының сұранысын толық қанағаттандыруға міндетті, екінші және үшінші бензин сақтау орнына бензиннің жеткізілмегені үшін 1 литрге 0,8 теңге және қатысты 1 теңге айыпқұнын төлеу керек.

Арақашықтық кестесі берілген (завод үшінші сақтау орнымен байланысты емес) (км):

Бензин сақтау орны / Заводтар	1	2	3
1	120	180	-
2	300	100	80
3	200	250	120

Жалпы көлік шығындарының неғұрлым аз шығуы сұраныстың толық қанағаттандырылмағаны үшін айыпқұн және құбыр өткізгіштерімен бензин тасымалдаудың ең жақсы, тиімді жоспарын жасау керек.

7) Дәрі-дәрмек жасау фирмасы он екі ай ішінде, осы фирманың басты қарсыласы шығарған дәрімен бәсекес жаңа дәрі жасап шығаруды жоспарлайды. Жаңа дәріні жасап шығару үш кезеңнен тұрады: жай, әдеттегідей және жылдам қарқынмен өтуі мүмкін. Кезең түрлері кестеде берілетін (кестеде бірінші сан-ұзақтық (ай), екінші-шығын (мың. тг) қаржы және уақыт шығынының әртүрлі кезеңіне қатысты.

Кезеңдер / Қарқын	Теориялық зерттеулер	Зертханалық тәжірибелер	Үкіметтің қолдауы	Өтім
Жай	5,5	3,6	6,1	5,8
Әдеттегідей	4,7	2,8	4,1	4,10
Жылдам	2,10	1,12	2,3	3,15

Фирма шығыны 25 мың теңгеден аспайтын шарт бойынша он екі ай ішінде жаңа дәріні жасап шығарудың ең жақсы әдісін табу керек.

8) Ұзындығы 3м болатын 100 бөренені 1,5 м, 1 м, 0,75 м өлшемдерімен әрқайсысын үш келтекке кесу керек. Сонымен қатар, әр өлшемді келтектердің саны бірдей болу керек. Комплекттердің максимальды санын алу үшін, кесудің оптималды жобасын анықтау (әр комплектке үш өлшемді келтектен келеді).

9) Дайындалатын бөлікшеге ұзындығы 111 см, 69 металл сымдары келіп түсті. Оларды міндетті түрде берілетін 1:4:2 қатынасымен дайындыққа 19, 23 және 30 см түрінде кесу керек. Дайындыққа арналған жинақтар санын арттыру үшін ыңғайлы, тиімді түрде қалай сымдарды кесуге болады?

10) Үш А2, А2, А3 теміржол станцияларында 120, 110 және 130 жүк тиелген вагондар тұрып қалды. Бұл вагондарды міндетті

түрде В1, В2, В3, В4 және В5 – теміржол бекеттеріне жіберу керек.

$$C = \begin{pmatrix} 2 & 4 & 1 & 6 & 7 \\ 3 & 3 & 5 & 4 & 2 \\ 8 & 9 & 6 & 3 & 4 \end{pmatrix}$$

Бекеттерге әр вагонның қажеттілігі 80, 60, 70, 100 және 50. А2 теміржол бекетінен В2 және В4 бекеттеріне вагондарды жеткізу мүмкін еместігін ескеріп және бір вагонның жеткізілу тарифі С матрицасымен анықталатынын біле тұра, тасымалдаудың жалпы құны аз болатын жоспарды құру керек.

11) Үш жер бөлікшесі бар, оған жүгері, бидай, арпа, тары егілуі мүмкін. Әр жер бөлікшесінің ауданы 600, 180 және 220 га тең. Жүгері, бидай, арпа, тары тұқымдарының бар болуын ескеріп, бұл дақылдардың 290, 180, 170 және 420 га себілуі қажет. Әр жер бөлікшесіндегі дақылдың түсімі әртүрлі және ол С матрицасымен беріледі:

$$C = \begin{pmatrix} 40 & 45 & 50 \\ 30 & 28 & 22 \\ 18 & 22 & 14 \\ 24 & 18 & 16 \end{pmatrix}$$

Әр жер бөлікшесінде әр дақылдан қанша га сепкенде, жалпы егін түсімі ең көп мөлшерде болатынын анықтау керек.

12) Келесі кестеде берілгендерді анықтап, транспорт есебін шығару керек:

Жіберу пункттері	Белгілеу пункттері					Қорлар
	В1	В2	В3	В4	В5	
А1	1	2	3	1	4	180
А2	6	3	4	5	2	220
А3	8	2	1	9	3	100
Тұтынушылар	120	80	160	90	50	

$$D = \begin{pmatrix} \infty & \infty & 60 & \infty & \infty \\ \infty & 70 & \infty & 70 & \infty \\ \infty & \infty & \infty & \infty & \infty \end{pmatrix}$$

D матрицасында сандар жүктерді жіберу пунктінен белгіленген пунктке жіберілетін жүк санын анықтайды. (∞ белгісі жіберу пунктінен белгіленген пунктке тасымалдауға шектеу жоқ дегенді білдіреді).

13) Бес түрлі жұмысқа 60, 30, 45 және 25 санды төрт бейінді (профиль) мамандардың оптималды бөлінуін құрастыру керек. Әрбір жұмыс түріне мамандар қажеттілігі 20, 40, 25, 45 және 30-ға тең. Келесі матрица маманның мәлім жұмыстағы қолданылу тиімділігін сипаттайды.

$$C = \begin{pmatrix} 7 & 5 & 2 & 0 & 4 \\ 4 & 0 & 8 & 6 & 3 \\ 5 & 7 & 0 & 9 & 8 \\ 6 & 4 & 5 & 7 & 6 \end{pmatrix}$$

14) Құрылыс құмын үш карьерден 4 құрылыс алаңына тасымалдайды. Берілген өнімнің карьер бір күнге α_i (тоннамен), алаңға қажетті құмды b_k (тоннамен), құмды шығаруға кеткен шығын α_i (ақшамен) және транспорт шығыны c_{ik} (ақшамен) келесі кестеде көрсетілген.

a_i \ b_k	40	35	30	45	α_i
46	4	3	2	5	3
34	1	1	6	4	2
40	3	5	9	4	1

Жетіспеген құмның саны күніне 30 т. Мұны келесі үш жолмен қарастырамыз:

а) бірінші карьердегі өнімнің өсуі, қосымша жұмсалған күш;

ә) екінші карьердегі өнімнің өсуі, қосымша жұмсалған күш;

б) эксплуатация жаңа карьердегі жұмсалған күшті өндіруге 5 тенге/т және алаңды транспорттауға $c_{41} = 2, c_{42} = 3, c_{43} = 1$ (тенге/т).

Оптималды жоспарды, карьердегі алаңды мықтап бекіту және құмды әкелудің ең тиімді вариантын анықтау.

15) 4 авиасызыққа (авиалиния) қызмет ету 3 түрлі ұшақ бар $i-$түрлі саны a_i; жолаушылардың саны, k сызықпен жөнелетін B_k; i түрі k-сызығы бар бір ұшаққа кететін қанаушының (эксплуатационные) шығындары c_{ik}-ға тең және жолаушылардың жалпы саны, берілген уақытта ұшақты әкелуге болатын $i-$түрі k-сызығы λ_{ik}. Сандық мәліметтер:

B_k / a_i	Авиасызық			
	20000	10000	150000	40000
15	500/5	1200/7	1000/20	2200/12
$c_{ik} / \lambda_{ik} = 10$	750/9	1800/4	1500/8	3300/10
25	1000/6	2450/8	2000/4	4350/5

Авиасызыққа ұшақтарды бөлудің оптималдылығын анықтап, суммалық шығындарды минимальдау.

16) Мұнай өңдеу заводына ай сайын d_i мөлшерінде m кен орнынан мұнай келеді. Мұнайдан өңдеу жолымен номенклатурадағы жоба келісімімен b_j мөлшерінде n түрлі мұнай өнімдері алынады. Әртүрлі кен орындарындағы мұнай түрлері химиялық құрамымен ерекшеленеді. j кен орнынан шыққан мұнай бірлігінен i мұнай өнімі a_{ij} деп берілген. Заводта a_i кен орнынан q_j түрлі j өнімдері үшін мұнай сақтайтын сыйымдылықтар бар. Егер c_i кен орнынан $i-$н мұнай өңдеудің үлес шығындары белгілі болса, ең аз шығын кезіндегі номенклатура жобасының орындалуы үшін әр кен орнынан мұнайдың қанша мөлшерін өңдеу қажеттігін анықтау керек.

Төменде шартты бірліктермен: $m=5$, $n=3$ мәндері келтірілген:

i	1	2	3	4	5
D_i	100	150	400	50	200
c_i	5	2	6	7	3
a_i	100	150	450	60	200

j	1	2	3
b_j	700	90	90
q_j	800	150	150

j \ i	1	2	3	4	5
$a_{ij} = 1$	0,6	0,5	0,7	0,8	0,9
$a_{ij} = 2$	0,3	0,2	0,1	0,1	0,05
$a_{ij} = 3$	0,1	0,3	0,2	0,1	0,05

17) Мейрамхана бастығы келесі 4 күнге жұмыс жоспарын ойлай отырып, күнделікті қол сүрткіштің артық болуын естен шығармауы керек. Мейрамханаға 4 күн ішіндегі қол сүрткіштің қажеттілігі мынаған тең: 110, 210, 190, 100 және мүмкін болатын үш әдіспен қанағаттандырылады:

– пайдаланылатын жаңа қол сүрткіштер бағасы 5 теңге;

– күн соңында пайдаланылатын қол сүрткіштерді тез кір қабылдауға өткізу (кір бір түнде жуылады, әр қол сүрткіштің жуылу бағасы 1 теңге);

– күн соңында кір қабылдауға пайдаланылған қол сүрткіштерді өткізгендегі оның жуылу мерзімі 24 сағат, бағасы 0,5 теңге.

Қалайда шығынның аз болуын қамтамасыз ететін ең тиімді есептің шешімін табу керек.

18) Электроқұралдар заводы шырақтар, электрошайнектер және электроплиталар шығарады. Келесі жылғы өнімдердің өтім деңгейі (завод сұранысты толық қанағаттандыруы керек):

Бұйымдар	Тоқсандар (кварталы)			
	1	2	3	4
Шырақтар	2000	1500	3000	1000
Электрошайнектер	150	1500	1000	1500
Электроплиталар	1000	3000	1500	3000

Әр тоқсанның соңында завод әр бұйым түрінен 1000-нан кем шығармауы керек. Бірінші тоқсанның басында бұйым қоры жоқ. Бір тоқсандағы ең көп жұмыс уақыты 8000 сағат. Бір шырақты жасау үшін 0,5 сағат, электрошайнекке - 2 сағат, электроплитаға - 1,5 сағат уақыт керек. Төртінші тоқсанда шырақтардың жасалуы мүмкін емес, өйткені завод бұл кезде кәсіпорынға біраз жөндеу жұмыстарын жүргізуді жолға қойды. Қоймада әр бұйым түрлерін сақтау шығыны завод үшін 5 теңге құрайды. Қоймада өнімдерді сақтау шығыны кемітуге байланысты өндіріс жоспарын жасау керек.

19) Екі А және В ерітпе қоспаларын алу үшін 4 металл қолданылады. А және В ерітпе қоспаларындағы металдардың құрамына қойылған талаптар төменде берілген:

Ерітпе қоспасы	Металдардың құрамына қойылған талаптар	Бағасы (тг/т)
А	1 металдың 80% артық еместігі 1 металдың 80% артық еместігі 4 металдың 80% артық еместігі	200
В	2 металдың 40% 60% дейінгі 2 металдың 30% кем еместігі 3 металдың 70% артық еместігі	300

1, 2, 3 және 4 металдар шығарылатын кеннің сипаттамасы мен қоры кестеде көрсетілген:

Кен	Ең үлкен қор	Құрамы (%)					Бағасы (тг/т)
		1	2	3	4	Басқа құрамдас бөліктері	
1	1000	20	10	30	30	10	30
2	2000	10	20	30	30	10	40
3	3000	5	5	70	20	-	50

А және В ерітпе қорытпаларын сатудағы пайданы арттыру керек. (Нұсқау: ерітпе қоспасын дайындауда қолданылатын және кеннен алынатын металл тоннасының мөлшерін (санын) белгілеңіз).

20) Өнеркәсіп көкөніс мерзімі кезінде, көкөнісі бар балапан сорпасынан консерві шығарады. Мерзім басталмай тұрып, балапандарды тасымалдауға келісімшартқа отырады. Балапандардың бағасы өнеркәсіптің сатып алу партиясының өлшеміне байланысты және 100 қысқарады. Егер балапандар әкелінген апта ішінде пайдаланылмайтын болса, өнеркәсіптің жалға алған тоңазытқышында сақтайды. Балапандарды сатып алуға және сақтауға кететін шығындарды азайту үшін әр аптада сатып алатын балапандар санын анықтау керек. Балапандарға деген апталық қажеттілік 300 дананы, ал жұмыс периоды 5 аптаны құрайды. Бағалардың және шығындардың шамасы кестеде келтірілген. Көріп отырғанымыздай, алғашқы аптада өнеркәсіп 600 балапан сатып алған.

Бастапқы мәліметтер:

Балапандар саны (мың тал)	Бағасы	Артық (мың тал)	Сақтаудың құны
1	75	1	5
2	140	2	10
3	205	3	15
4	270	4	25
5	330	5	35
6	390	6	50
7	445		
8	500		
9	550		

21) Кәсіпорын бүкіл көкөніс маусымы ішінде балапанмен қосылған көкөніс сорпасы консервілерін шығарады. Балапандарды жеткізу келісімі маусым басталмай тұрып келісіледі. Балапан бағасы кәсіпорынмен сатып алынатын мөлшер шамасынан тәуелді және ол 100 еселі. Егер балапандар кәсіпорынға жеткізілген аптада пайдаланылмаса, оларды кәсіпорын ақы төлеп уақытша пайдалануға алған тоңазытқыштарға сақтау керек. Жұмыс уақыты 5 аптаға созылғанда, әр аптада балапанның қажеттігі 300 түйір, осы шарт бойынша балапанның сатып алыну және сақталу шығынының

жалпы санын кеміту үшін әр аптада сатып алынатын балапан санын табу керек. Баға және шығын бірліктері кестеде келтірілген. Бірінші аптада кәсіпорын 600 балапаннан кем сатып алмайтынын байқаймыз.

Балапандар саны (100 түйірден)	Бағасы	Артық (100 түйірден)	Сақтау үшін бағасы
1	150	1	10
2	280	2	20
3	410	3	30
4	540	4	50
5	660	5	70
6	780	6	100
7	890		
8	1000		
9	1100		

22) Мұнай кәсіпорнынан мұнай өңдеу заводына бір мұнай құбырымен m түрлі мұнай айдалады. Мұнайдың әртүрі қосылғанда c_{ij} шығыны болады. Мұнай айдағаннан кейін, әртүрлі мұнайдың қосылғандағы шығынын кемітудің жалпы сомасын есептеу керек. Төменде $m = 4$ деп алғандағы сандар келтірілген.

i \ j	1	2	3	4
1	х	3	2	5
2	6	х	4	3
3	2	2	х	1
4	4	6	5	х

23) Кәсіпкерде көлемі α зат сыятын қойма бар, онда бастапқы уақыттағы кейбір заттардың сақтандыру қорының мөлшері k тең. 1-ден T уақыт аралығында кәсіпкер затты сатып алады және сатады. Оның T уақытта D тең затты сатып алу мүмкіндігі бар. a_{ij} сол уақыттағы затты сату бағасы, b_{ij} бар қорды толықтырып T уақытындағы затты сатып алу бағасы T

уақытындағы затты сақтау бағасы. Сатылған және сатып алынған зат мөлшерін, кәсіпкердің жалпы пайдасын арттыратын, сатылған және сатып алынғаннан кейін сақталатын зат мөлшерін анықтау керек. Сан түрінде берілген мәндерді қолдану керек:

$$\alpha = 10, \quad k_0 = 0, \quad D = 25, \quad T = 4.$$

T	1	2	3	4
A_i	5	7	4	3
B_i	4	5	1	5
C_i	1	4	2	3

24) Кәсіпорын (А, Б және В) үш түрлі өнім шығарады. Кәсіпорынның пайдасы сұранысқа байланысты. Сұраныс төрт күйдің (I, II, III, IV) бірін қабылдайды. Келесі матрицадағы α_{ik} $k-$ күйінде i – өнімді шығару кезінде табатын пайданы сипаттайды:

$$\begin{array}{cc} & \begin{array}{cccc} \mathrm{I} & \mathrm{II} & III & IV \end{array} \\ \begin{array}{c} \grave{A} \\ \acute{A} \\ \hat{A} \end{array} & \begin{pmatrix} 8 & 3 & 6 & 2 \\ 4 & 5 & 6 & 5 \\ 1 & 7 & 4 & 7 \end{pmatrix} \end{array}$$

Сұраныстың кез келген күйінде пайданың орташа шамасын қамтамасыз ететіндей шығарылатын өнімнің тиімді пропорциясын анықтау керек. Сұраныс күйін толығымен анықталмаған деп есептеңіз.

25) Кәсіпорын тез бұзылатын өнім шығарады. Ол өнімдерді кәсіпорын бірден тұтынушыға (А стратегиясы), сақтау үшін қоймаға (Б стратегиясы) жіберуі мүмкін немесе ұзақ сақтау үшін қосымша өңдеуге (В стратегиясы) жіберуі мүмкін.

Тұтынушы бұл өнімді бірден алуы мүмкін (I стратегия), аз уақыт ішінде алуы мүмкін (II стратегия) немесе ұзақ уақыттан соң ғана сұраныс жасауы мүмкін (III стратегия).

Егер кәсіпорын А стратегиясын таңдаса, онда өнімді сақтауға және өңдеуге қосымша шығын қажет етілмейді. Алайда, егер тұтынушы II немесе III стратегияны таңдаса, онда кәсіпорын өнімнің қандай да бір бөлігінің бұзылу салдарынан шығынға ұшырайды. Керісінше, егер кәсіпорын В стратегиясын, ал тұтынушы I стратегияны таңдаса, онда кәсіпорын шығынға ұшырайды.

Келесі шығындар матрицасын ескере отырып, «минимакстік критерийін» (шығынның кепілденген орташа деңгейі) қолданып, тұтынушыға қоймаға жіберілетін және қосымша өңделуден өтетін өнімдердің тиімді қатынасын анықтау керек:

$$\begin{array}{cc} & \begin{array}{ccc} I & II & III \end{array} \\ \begin{array}{c} \grave{A} \\ \acute{A} \\ \hat{A} \end{array} & \begin{pmatrix} 2 & 5 & 8 \\ 7 & 6 & 10 \\ 12 & 10 & 8 \end{pmatrix} \end{array}$$

26) Бөлмені жылыту үшін отын сатып алу керек. Алайда, отын шығыны және оның бағасы қысқы мезгілдегі ауа-райына тәуелді (жылы, қалыпты және өте суық қысқы ауа райы; келесі кестені қараңыз):

Ауа-райы	жылы	қалыпты	Өте суық
Шығын, т	5	10	18
Бағасы, тг/т	10	16	20

Қазіргі уақытта көмірді минимальды бағамен (10 тг/т) алып, қолданылмай артылған көмірді көктемде 5 тг/т сатуға болады. Көмірді сатып алу кезінде үш стратегияның біреуін таңдауға болады: A_1 -5 т, A_2 – 10 т және A_3 -18 т.

Мұндай ұқсас бөлмелер 100 деп болжағанда, «минимакстік критерийін» қолданып, қор жинаудағы оптималды стратегияны анықтау керек.

27) Дүкенге әртүрлі пропорциядағы үш типті (А, Б және В) тауарлар түсірілуі мүмкін. Оларды сату, яғни дүкенге түсетін пайда (α_{ik}) тауар түріне және сұраныс күйіне байланысты. Сұраныс күйі үш түрлі күймен сипатталуы мүмкіндігін және сұраныс сәннің өзгеруіне байланыстылығын және оны алдын ала жобалау мүмкін еместігін ескергенде, тауарларды сатып алуда тиімді пропорцияны анықтау керек. Тиімділікті анықтау

барысында келесі матрица кезіндегі орташа кепілденген пайда шарты қолданылады:

$$\begin{array}{c c} & \begin{array}{ccc} I & II & III \end{array} \\ \begin{array}{c} \grave{A} \\ \acute{A} \\ \hat{A} \end{array} & \begin{pmatrix} 20 & 15 & 10 \\ 16 & 12 & 14 \\ 13 & 18 & 15 \end{pmatrix} \end{array}$$

28) Үш кәсіпорынның құрылысына бөлінген, жалпы сомасы 120 млн теңгені құрайтын капиталдық салымның тиімді үлестірілуін анықтау керек. Жылдың соңында капиталдың салымдағы әрбір млн теңгені қайтарып алу шамасы (млн теңге) тек кәсіпорынға ғана байланысты емес, сонымен қатар оған берілген жабдықтар шамасына да байланысты. Бұл тәуелділіктер келесі кестеде келтірілген:

Кәсіп-орын	Капитал-дық салымның мөлшері	Қайта-рып алу	Капитал-дық салымның мөлшері	Қайта-рып алу	Капитал-дық салымның мөлшері	Қайта-рып алу
I	15-ке дейін	1,5	15-30	0,5	30-дан жоғары	0
II	20-ға дейін	1,0	20-40	0,4	40-50	0,2
III	10-ға дейін	1,2	10-15	1,0	15-30	0,5

29) Егер зауыт өнімінің жалпы шығарылуы 150 бірлік болғанда, арақашықтығы 100 км болатын, екі шығын пункттерінің арасында салынған зауыттың орнын және әрбір пунктке жеткізілетін өнімнің шамасын анықтау керек.

Бірлік өнімнің сату бағасының, әрбір шығын пунктіне жеткізілетін өнімнің санына x_i ($i=1,2$) тәуелділігі және бірлік өнімді тасымалдауға кететін шығынның зауыт пен шығын пунктінің арақашықтығына y_i тәуелділігі келесі кестеде берілген:

Шығын пункті	Сату бағасы, теңге бірлік	Шығындар тг/бірлік
1	$15-0{,}1x_1$	$1{,}5+0{,}1y_2$
2	$12-0{,}08x_2$	$1{,}5+0{,}05y_2$

30) Өнім екі технологиялық режимде шығарылуы мүмкін. Режимдердің әрқайсысына кететін шығын сәйкесінше $21x_1^{4/3}$ және $4x_2^{3/2}$ тең, мұндағы x_1 және x_2 – 1 және 2-ші технологиялық режимдерде өңделетін өнімдердің көлемі. Сондай-ақ 2-ші технологиялық режим сыртқы шикізаттарды қолдануы мүмкін. Шикізатты тасымалдауға кететін қосымша шығындардың шамасы $400x_2^{1/2}$ тең. Шығарылатын өнімнің жалпы саны 100 бірлікті қамтамасыз ететін екі технологиялық режимді тиімді қолдануды анықтау керек.

3. СЫЗЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ ЕСЕПТЕРІН ГРАФИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ШЫҒАРУ (N=2)

Сызықтық бағдарламалау есебінің математикалық моделі келесі түрде берілген болсын:

$$Z = p_1 x_1 + p_2 x_2 \to \max$$
$$a_{11} x_1 + a_{12} x_2 \le a_1$$
$$a_{21} x_1 + a_{22} x_2 \le a_2$$
$$a_{31} x_1 + a_{32} x_2 \le a_3$$

Жазықтықта декарттық тікбұрыштық координаталар жүйесін енгізіп және әрбір сан жұбына (x_1, x_2) жазықтықта x_1 және x_2 координаталары бар нүктесін қатар қойып салыстырамыз. Ең алдымен берілген есептің мүмкін шешулеріне сәйкес келетін нүктелер жиынын көрейік. Ол үшін бірінші сызықтық теңсіздікті қарастырайық:

$$a_{11} x_1 + a_{12} x_2 \le a_1$$

Ол теңсіздік түзуі $a_{11} x_1 + a_{12} x_2 = a_1$ жазықтықты екіге бөлгеннен пайда болатын екі бөліктің біреуін анықтайды.

Мұндай кезде сәйкес жарты жазықтық құрамына осы түзуі де кіреді. Сондықтан ол – тұйық жартылай жазықтық болады.

Берілген теңсіздік екі тұйық жартылай жазықтықтың қайсысын анықтайтынын білу үшін теңсіздікке шекаралық түзуде жатпайтын қайсыбір нүктенің координаталарын салу жеткілікті. Көп жағдайларда координат жүйесінің бас нүктесін қойған ыңғайлы.

Егер алынған нүкте теңсіздікті қанағаттандырса, онда сол нүкте жақтан жартылай жазықтық іздегеніміз болады. Егер қанағаттандырмаса, керісінше болады. Тура солай берілген есептің барлық шектеулері бойынша тұйық жартылай жазықтықтарды сызамыз. Берілген есептің мүмкін шешу саласы геометриялық түрде жекеленген шектеулермен анықталатынын жартылай жазықтықтардың қиылысуы болады.

Сызықтық бағдарламалау есебінің мүмкін шешу саласы бос емес дейік. Координаталары мақсатты функцияны ең үлкен мәніне жеткізетін ғана мүмкін саланың нүктелері оптималды болады.

$p=(p_1,p_2)$ нормал векторын мақсатты функцияның сәйкес коэффициенттері бойынша тұрғызамыз. Ол нормал векторға мүмкін шешу саласында перпендикуляр жүргіземіз. Мақсатты функция максимумға ұмытылатын болса, онда перпендикулярға параллель деңгей түзулері вектор бағытымен жүргізіледі. Оның мүмкін шешу саласымен соңғы қиылысы оптималды нүктені беретінін көреміз. Егер мақсатты функция минимумға ұмытылатын болса, онда деңгей түзуін p нормал вектор бағытына қарсы жүргіземіз.

10- *мысал*

$$z=2x_1+x_2\to\max$$

$$\begin{cases}2x_1-x_2\le 6\\2x_1+3x_2\le 14\\-3x_1+2x_2\le 6\end{cases}$$

$$x_1\ge 0,\ x_2\ge 0.$$

Шешімі



3.1- сурет

Теңсіздіктер жүйесінің мүмкін шешулер жиынын және $\overline{p} = (2, 1)$ нормал векторын тұрғызайық (3.1-сурет). $\vec{p}$ векторына перпендикуляр координаталар басынан өтетін түзу деңгей түзуі болып табылады, ол $z = 0$ мәніне сәйкес келеді. Бұл түзуді мүмкін шешулер жиынымен ортақ нүктелері болғанға дейін $\vec{p}$ вектор бағытының бойымен өз-өзіне параллельді жылжыта отырып, шеткі мүмкін жағдайда деңгей түзуі $X^* = (4,\ 2)$ нүктесі арқылы өтетінін табамыз. Деңгей түзуінің бұл жағдайына $z = z_{max}$ сәйкес келеді. X^* нүкте координатасының нақты мәнін шекаралық түзулердің теңдеулер жүйесін шешу арқылы алуға болады.

$$\left.\begin{aligned} 2x_1 - x_2 &= 6 \\ 2x_1 + 3x_2 &= 14 \end{aligned}\right\}.$$

Нәтижесінде $X^* = (4,\ 2)$ аламыз. $x_1^* = 4$ және $x_2^* = 2$ мәндерін z функциясына қойып, $z_{max} = 10$ табамыз.

11- мысал

$$z = 3x_1 + 2x_2 \to \min$$

$$\left.\begin{aligned} 3x_1 + x_2 &\geq 18 \\ x_1 + x_2 &\geq 10 \\ x_1 + 3x_2 &\geq 15 \end{aligned}\right\},$$

$$x_1 \geq 0,\ x_2 \geq 0;$$



3.2- сурет

Теңсіздіктер жүйесінің мүмкін шешулер саласын және $\vec{p} = (3,2)$ тұрғызайық (3.2- сурет). $\vec{p}$ векторына перпендикуляр координаталар басынан өтетін түзу деңгей түзуі болып табылады, ол $z = 0$ мәніне сәйкес келеді. Бұл түзуді өз-өзіне параллельді және $\vec{p}$ векторына қарама-қарсы бағытта жылжыта отырып, шеткі мүмкін жағдайда деңгей түзуі $X^* = (4, 6)$ нүктесі арқылы өтетінін табамыз. Деңгей түзуінің бұл жағдайына $z = z_{min}$ сәйкес келеді. X^* нүктесі координаталарының нақты мәнін шекаралық түзулердің теңдеулер жүйесін шешу арқылы алуға болады.

$$\left.\begin{aligned} 3x_1 + x_2 &= 18 \\ x_1 + x_2 &= 10 \end{aligned}\right\}.$$

Нәтижесінде $X^* = (4, 6)$ аламыз. $x_1^* = 4$ және $x_2^* = 6$ мәндерін z функциясына қойып, $z_{min} = 24$ табамыз.

3-тапсырма. Келесі сызықтық бағдарламалау есептерін графикалық әдіспен шығару керек:

1) $z = x_1 + 4x_2 \to \max$
$$\left.\begin{aligned} -3x_1 + 4x_2 &\le 12 \\ 5x_1 + 4x_2 &\le 44 \\ 4x_1 - 5x_2 &\le 20 \end{aligned}\right\},$$
$x_1 \ge 0,\ x_2 \ge 0$;

2) $z = 2x_1 + 4x_2 \to \max$
$$\left.\begin{aligned} -x_1 + x_2 &\le 2 \\ 3x_1 + 4x_2 &\le 36 \\ 2x_1 - 3x_2 &\le 12 \end{aligned}\right\},$$
$x_1 \ge 0,\ x_2 \ge 0$;

3) $z = x_1 + 2x_2 \to \max$
6 - қадам. Барлық бағалардың ішінен ең үлкенін таңдаймыз: $\theta(6,4) = 3$.

7 - қадам. $\overline{Y}$ жиыны үшін бағасын есептеу:

$\omega(\overline{Y}) = \omega(x) + \theta(k,l) = 14 + 3 = 17$.

8-қадам. Әрбір пункттен (қаладан) бір реттен ғана шығатын болғандықтан 6–жолды матрицадан сызып тастаймыз. Әрбір қалаға (пунктке) бір-бір реттен ғана кіргендіктен, 4-бағанды да матрицадан сызып тастаймыз (шығарып тастаймыз). Пункттердің (қалалардың) барлығын аралау үшін (4,6) жұбына ∞ қоямыз.

8.5-кесте

	1	2	3	5	6	
1	×	0	2	0	5	0
2	0	×	1	2	1	0
3	0	4	×	3	0	0
4	3	1	3	1	×	1
5	0	5	0	×	3	0

$\Rightarrow$

8.6-кесте

	1	2	3	5	6
1	×	0	2	0	5
2	0	×	1	2	1
3	0	4	×	3	0
4	2	0	2	0	×
5	0	5	0	×	3
	0	0	0	0	0

$h^{(2)} = 1$

$c_{12} = 0 \quad \theta(1,2) = 0$

$c_{15} = 0 \quad \theta(1,5) = 0$

$c_{21} = 0 \quad \theta(2,1) = 1$

$c_{31} = 0 \quad \theta(3,1) = 0$

$c_{36} = 0 \quad \theta(3,6) = 0$

$c_{42} = 0 \quad \theta(4,2) = 0$

$c_{45} = 0 \quad \theta(4,5) = 0$

$c_{51} = 0 \quad \theta(5,1) = 0$

$c_{53} = 0 \quad \theta(5,3) = 1$

9 - қадам. Тексеру: алынған матрицаның шамасы 2x2 болса, екі жұп тарауға таңдалады. Қарсы жағдайда 10-қадамға көшу.

10 - қадам. Келтіру рәсімі жасалады, $h^{(k+1)}$ есептелінеді, Y жиынының бағасын анықтаймыз $\omega(Y) = \omega(x) + h^{(2)} = 14 + 1 = 15$, $k = k + 1$, 4-қадамға көшу.

8.7-кесте

	1	2	5	6	
1	×	0	0	5	0
2	0	×	2	1	0
3	0	4	3	0	0
4	2	0	0	×	0

8.8-кесте

	1	2	5	6
1	×	0	0	5
2	0	×	2	1
3	0	4	3	0
4	2	0	0	×
	0	0	0	0

$h^{(3)} = 0$

$c_{12} = 0 \quad \theta(1,2) = 0$

$c_{15} = 0 \quad \theta(1,5) = 0$

$c_{21} = 0 \quad \theta(2,1) = 1$

$c_{31} = 0 \quad \theta(3,1) = 0$

$c_{36} = 0 \quad \theta(3,6) = 1$

$c_{42} = 0 \quad \theta(4,2) = 0$

$c_{45} = 0 \quad \theta(4,5) = 0$

8.9-кесте

	1	2	5	
1	×	0	0	0
2	0	×	2	0
4	2	0	0	0

8.10-кесте

	1	2	5
1	×	0	0
2	0	×	2
4	2	0	0
	0	0	0

$$\omega(x) = h^{(4)} = 0$$

$$c_{12} = 0 \quad \theta(1,2) = 0$$
$$c_{15} = 0 \quad \theta(1,5) = 0$$
$$c_{21} = 0 \quad \theta(2,1) = 4$$
$$c_{42} = 0 \quad \theta(4,2) = 0$$
$$c_{45} = 0 \quad \theta(4,5) = 0$$

8.11-кесте

	2	5	
1	×	0	0
4	0	0	0

$$h^{(5)} = 0$$

$$6 \to 4 \to 2 \to 1 \to 5 \to 3 \to 6$$
$$Z^* = 15$$

Шешімі 8.1- суреттегі бұтақта келтірілген



8.1- сурет

8-тапсырма. Келесі есептерді Литтл алгоритмін қолданып шығарыңыз:

1)

	1	2	3	4	5	6
1	×	39	45	2	51	33
2	30	×	20	33	40	35
3	54	16	×	55	22	56
4	19	36	25	×	18	43
5	29	8	8	12	×	25
6	16	47	31	14	8	×

2)

	1	2	3	4	5	6
1	×	6	56	35	48	29
2	34	×	46	46	55	26
3	29	31	×	32	13	42
4	26	34	12	×	17	7
5	38	35	40	13	×	47
6	60	25	59	36	31	×

3)

	1	2	3	4	5	6
1	×	4	39	22	10	47
2	58	×	56	18	4	35
3	34	29	×	17	57	18
4	52	4	22	×	15	37
5	41	44	25	11	×	32
6	11	6	19	2	58	×

4)

	1	2	3	4	5	6
1	×	15	43	38	10	45
2	44	×	18	6	49	40
3	41	42	×	19	1	48
4	33	44	20	×	20	21
5	40	17	16	26	×	15
6	3	4	37	54	36	×

5)

	1	2	3	4	5	6
1	×	58	56	13	21	54
2	21	×	58	43	56	14
3	4	46	×	38	7	22
4	44	56	42	×	6	60
5	3	34	36	11	×	17
6	59	47	40	60	13	×

6)

	1	2	3	4	5	6
1	×	36	51	24	11	46
2	28	×	17	46	10	20
3	7	41	×	58	2	35
4	25	60	45	×	55	59
5	48	20	33	26	×	38
6	50	27	19	14	52	×

7)

		1	2	3	4	5
1	×	16	15	32	53	55
2	27	×	34	50	2	31
3	33	39	×	42	36	39
4	45	22	59	×	28	26
5	55	49	14	18	×	12
6	28	14	8	48	35	×

8)

	1	2	3	4	5	6
1	×	33	41	46	11	21
2	10	×	26	28	39	43
3	1	57	×	20	60	28
4	50	25	35	×	42	7
5	43	44	51	19	×	34
6	55	22	30	50	53	×

9)

	1	2	3	4	5	6
1	×	13	55	19	16	19
2	58	×	23	54	48	45
3	25	53	×	38	59	24
4	17	11	16	×	60	53
5	1	38	18	36	×	1
6	19	11	32	44	3	×

10)

	1	2	3	4	5	6
1	×	30	57	34	24	44
2	14	×	9	14	30	17
3	32	21	×	53	21	23
4	25	39	28	×	48	21
5	42	5	29	56	×	55
6	16	17	37	5	30	×

11)

	1	2	3	4	5	6
1	×	11	14	22	17	30
2	20	×	10	54	31	4
3	5	18	×	29	20	40
4	31	3	23	×	42	33
5	34	13	33	5	×	32
6	39	44	28	42	2	×

12)

	1	2	3	4	5	6
1	×	10	26	44	21	17
2	14	×	23	22	54	58
3	33	4	×	5	49	57
4	42	55	29	×	14	35
5	20	53	38	40	×	33
6	52	17	45	41	50	×

13)

	1	2	3	4	5	6
1	×	40	34	50	10	44
2	18	×	3	38	52	10
3	23	12	×	47	42	5
4	54	29	56	×	9	2
5	17	31	23	8	×	4
6	28	53	58	15	41	×

14)

	1	2	3	4	5	6
1	×	37	7	46	57	20
2	26	×	34	10	42	16
3	42	1	×	26	21	13
4	30	20	60	×	50	10
5	43	47	28	38	×	36
6	16	17	53	36	2	×

15)

	1	2	3	4	5	6
1	×	44	6	49	28	53
2	40	×	4	30	42	51
3	3	47	×	55	20	24
4	1	26	30	×	33	47
5	18	24	13	33	×	46
6	56	25	11	22	40	×

16)

	1	2	3	4	5	6
1	×	19	40	30	15	9
2	56	×	14	57	12	8
3	42	4	×	28	33	24
4	1	12	5	×	21	16
6	21	16	38	52	×	59
7	51	1	17	22	29	×

17)

	1	2	3	4	5	6
1	×	28	29	2	2	58
2	48	×	41	13	51	23
3	56	53	×	59	46	57
4	5	31	48	×	53	20
5	26	54	42	48	×	27
6	43	22	15	30	9	×

18)

	1	2	3	4	5	6
1	×	52	8	50	4	16
2	38	×	39	51	13	44
3	55	51	×	1	27	27
4	18	39	5	×	28	21
5	4	3	44	17	×	29
6	57	28	52	21	53	×

19)

	1	2	3	4	5	6
1	×	12	41	57	45	17
2	49	×	48	42	40	53
3	22	5	×	23	51	2
4	23	8	19	×	46	26
5	49	44	3	22	×	21
6	22	56	54	16	54	×

20)

	1	2	3	4	5	6
1	×	16	2	11	10	11
2	3	×	29	29	5	37
3	43	25	×	31	35	36
4	50	40	9	×	4	2
5	46	39	15	14	×	59
6	52	37	45	27	60	×

21)

	1	2	3	4	5	6
1	×	21	17	21	41	10
2	51	×	25	35	16	32
3	5	16	×	38	21	50
4	37	12	28	×	2	2
5	22	54	49	31	×	9
6	43	51	7	19	30	×

22)

	1	2	3	4	5	6
1	×	10	7	36	40	36
2	34	×	58	48	33	53
3	47	30	×	59	10	15
4	31	12	15	×	22	11
5	9	16	3	13	×	9
6	36	4	14	20	48	×

23)

	1	2	3	4	5	6
1	×	1	7	3	14	2
2	3	×	6	9	1	24
3	6	14	×	3	7	3
4	2	3	5	×	9	4
5	15	7	11	2	×	4
6	20	5	13	4	13	×

24)

	1	2	3	4	5	6
1	×	7	10	13	4	2
2	11	×	5	6	18	10
3	13	4	×	8	6	2
4	7	5	10	×	15	12
5	11	13	4	3	×	8
6	7	6	4	10	14	×

25)

	1	2	3	4	5	6	7
1	×	6	12	6	4	8	1
2	6	×	10	5	4	3	3
3	8	7	×	11	3	11	8
4	5	4	11	×	5	8	6
5	5	2	7	8	×	4	7
6	6	3	11	5	4	×	2
7	2	3	9	7	4	3	×

26)

	1	2	3	4	5	6
1	×	2	6	5	3	7
2	1	×	4	5	4	2
3	3	7	×	6	7	3
4	5	3	7	×	4	2
5	2	7	4	3	×	5
6	4	3	6	1	7	×

27)

	1	2	3	4	5	6	7
1	×	5	9	6	3	5	9
2	8	×	8	8	5	9	2
3	6	9	×	1	6	7	3
4	7	11	4	×	4	2	9
5	4	6	3	2	×	2	8
6	5	2	2	8	4	×	3
7	8	1	3	16	5	3	×

28)

	1	2	3	4	5	6
1	×	6	4	8	7	14
2	6	×	7	11	7	10
3	4	7	×	4	3	10
4	8	11	4	×	5	11
5	7	7	3	5	×	7
6	14	10	10	11	7	×

29)

	1	2	3	4	5	6	7
1	×	12	22	28	32	40	46
2	12	×	10	40	20	28	34
3	22	10	×	50	10	18	24
4	28	27	17	×	27	35	41
5	32	20	10	60	×	8	14
6	46	34	24	74	14	×	6
7	52	40	30	80	20	6	×

30)

	1	2	3	4	5
1	×	14	9	16	7
2	20	×	9	19	14
3	18	15	×	12	12
4	23	10	13	×	17
5	7	6	6	6	×

9. ДИНАМИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ

9.1. Динамикалық басқаруды әр кезең бойынша құру принциптері

Динамикалық бағдарламалау – көп қадамды процесті әр кезең бойынша жоспарлау, оның үстіне бүкіл процестің дамуын еске ала отырып, әр кезеңде тек бір ғана қадамды оптималды күйге келтіру (оптималдау).

Шешім қабылдауы болашақ кезден тәуелсіз соңғы k қадамда ең үлкен әсер бере алатын басқару таңдалады. Осы қадам жоспарланған соң оған ақырғы қадам алдындағы (к-1) қадамын, оның үстіне (к-2) қадамын және тағы сол сияқты қосады. Соңғы қорытынды бойынша S_0 алғашқы күйді табады:

1) k қадамын жоспарлау үшін, (к-1) қадамда жүйенің қалпын білу қажет.

Егер (к-1) қадамда жүйенің қалпы белгілі болмаса, онда берілген процестің сипаттамаларын басшылыққа ала отырып, жүйенің мүмкін болар қалыптары туралы әртүрлі болжам жасалады:

$$S_n = F(S_{(n-1)}, U_n) \qquad (9.1)$$

Жүйенің қалпы n- қадамының ($n = \overline{1, k-1}$) соңында тек оның алдындағы қалыпқа S(n-l) және берілген қадамдағы U_n басқаруға тәуелді.

Жүйенің мұндай қасиеті "кейінгі әсердің жоқтығы" деп аталады, ал (9.1) - қалып теңдеуі деп аталады.

2) Соңғы k-қадамда әрбір болжамға $S_{(k-1)}$ оптималды басқару таңдалады:

$$Z_k^*(U_k^*(S_{(k-1)})) = \underset{U_k \in D_k}{extr} f_k(U_k, S_{(k-1)}) \qquad (9.2)$$

мұндағы, $f_k(U_k, S_{(k-1)})$ -қадамдағы тиімділік көрсеткіші;

D_k - дәлдік шектегі басқарулар саласы.

Мұндай оптималды басқару шартты оптималды басқару деп аталады.

3) (n-1)- қадамда дәл осылай істейміз, тек шартты оптималды басқаруды n - шартты оптималды басқаруды ескере отырып, таңдаймыз:

$$Z_n^*(U_n^*(S_{(n-1)})) = \underset{U_n \in D_n}{extr}\left\{f_{nk}(U_n, S_{(n-1)}) + Z^*{}_{(n+1)}(U_{(n+1)}(S_n))\right\} \qquad (9.3)$$

(9.3)-динамикалық бағдарламаның негізгі функционалды теңдеуі немесе Беллман теңдеуі деп аталады.

(9.3)-теңдеуі берілген n-қадамнан k-ші қадамға дейінгі тиімділіктер қосындысын сипаттайды.

4) Соңында алғашқы күйге келеміз $S_0 \in \breve{S}_0$. Бірінші қадам үшін мүмкін болар күй - қалып туралы болжамдар жасамаймыз, өйткені ол жағдай белгілі S_0- қалыптан S_k -қалпына өтіп бүкіл процесс үшін іздеген оптималды басқаруды табамыз.

9.2. Динамикалық бағдарламаның есептеу схемасы

Бірінші кезең.

1° 9.3 - теңдеуді шешуді тізбек бойынша 9.2- теңдеуді шешуден бастап жүргізеді— бұл шартты оптималдау кезеңі.

2° Экстремум шарттарына сәйкес k жеке есептердің соңғы шешулерінің қорытындылары бойынша функциялардың екі тізбегін анықтайды:

$Z_n^*(U_n^*(S_{(n-1)}))$ және $U_n^*(S_{(n-1)})$.

Бұл функциялар дискретті есептерде кесте түрінде, ал үздіксіз есептерде аналитикалық түрде алынады.

Екінші кезең.

3° 1-кезеңді орындаған соң (шартты оптималдау кезеңін) 2-кезеңге көшеміз (шартсыз оптималдау кезеңі):

а) Егер S_0 берілсе, онда

$$Z^* = Z_1^*(U_1^*(S_0)) \qquad (9.4)$$

табамыз, содан соң іздеген шартсыз оптималды басқаруды тізбек бойынша табамыз:

$$S_0 \to U_1^* \to S_1 \to U_2^* \to \ldots \to U_n^* \qquad (9.5)$$

ә) Егер S_0 белгісіз болса, онда S_0 келесі есептің нәтижесіндей:

$$S_0^* : Z^* = \underset{s_0 \in s_0}{\overset{\cup}{extr}} \left\{ Z_1^*(U_1^*(S_0)) \right\} \qquad (9.6)$$

осыдан (9.5) бойынша оптималды басқаруды табамыз.

9.3. Динамикалық бағдарлама моделін құру ережесі

1°. Қадамдарға бөлудің тәсілдерін таңдайды;

2°. Қалып параметрлерін енгізеді $S_n = (S_{n1}, \ldots, S_{np})$ және басқару айнымалыларды енгізеді $U_n = (U_{n1}, \ldots, U_{nr})$;

3°. Қалып теңдеуін (9.1) құрастырып жазады;

4°. n-қадамда тиімділік көрсеткішін енгізеді және мақсатты функциясының тиімділіік көрсеткішін қосады:

$$Z = \sum_{n=1}^{k} f_n(U_n, S_{(n-1)}); \qquad (9.7)$$

5°. Қарастыруға extr шарттарын $Z_n^*(U_n^*(S_{(n-1)}))$ n- қадамынан процестің ақырына дейінгі тиімділік көрсеткіштерін және осы қадамда шартты оптималды басқаруды $U_n^*(S_{(n-1)})$ енгізеді;

6°. Әрбір қадам үшін есеп шектеулерінен n-қадамдағы дәлдік шектегі басқару жиынын D_n анықтайды;

7°. Беллманның (9.2) және (9.3) функционалды теңдеулерін жазу.

20- мысал

Дискретті есеп

Төрт мекемеге бөлінетін қаржы мөлшері 100 мың теңгеге тең. Бұл қаржыны 20 мың теңгеге есе болатындай етіп бөлу керек. Келесі кестеде әрбір мекемеден түсетін түсім функциясы берілген:

$f(x)$ / x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
20	9	11	16	13
40	18	19	32	27
60	24	30	40	44
80	38	44	57	69
100	50	59	70	73

$x_1, x_2, x_3, x_4 -$ әрбір мекемеге бөлінетін қаржы.

$\xi_1 = \xi_0 - x_4$

$\xi_2 = \xi_1 - x_3$

$\xi_3 = \xi_2 - x_2$

1- қадам. Барлық қаржы бірінші мекемеге бөлінеді.

$x_1^*(0) = 0, \quad x_1^*(20) = 0, \quad x_1^*(40) = 0, \quad x_1^*(60) = 0, \quad x_1^*(80) = 0, \quad x_1^*(100) = 0.$

2- қадам. Барлық қаржы екі мекемеге бөлінеді.

1) $Z = 0, \quad D_{1,2} = 0, \quad x_2^*(0) = 0.$

2) $Z = 20, \quad D_{1,2}(20) = \max[f_2(20) + D_1(0); f_2(0) + D_1(20)] = \max[11; 9], \quad x_2^*(20) = 20.$

3) $Z = 40, \quad D_{1,2}(40) = \max[f_2(0) + D_1(40); f_2(20) + D_1(20); f_2(40) + D_1(0)] =$

$= \max[18; 20; 19] = 20, \quad x_2^*(40) = 20.$

4) $Z = 60, \quad D_{1,2}(60) = max[f_2(0) + D_1(60); f_2(20) + D_1(40); f_2(40) + D_1(20);$

$f_2(60) + D_1(0)] = max[24; 37; 28; 30] = 37, \quad x_2^*(60) = 20.$

5) $Z = 80, \quad D_{1,2}(80) = max[f_2(0) + D_1(80); f_2(40) + D_1(40);$

$f_2(60) + D_1(20); f_2(20) + D_1(40); f_2(80) + D_1(0)] = max[24; 37;$

$28; 30] = 37, \quad x_2^*(80) = 80.$

6) $Z = 100, \quad D_{1,2}(100) = max[f_2(0) + D_1(100); f_2(20) + D_1(80);$

$f_2(40) + D_1(60); f_2(60) + D_1(40); f_2(80) + D_1(20);$

$f_2(100) + D_1(0)] = max[50; 49; 43; 48; 53; 59] = 59, \quad x_2^*(100) = 100.$

3- қадам. Барлық қаржы үш мекемеге бөлінеді.

1) $Z = 0, \quad D_{1,2,3} = 0, \quad x_3^*(0) = 0.$

2) $Z = 20, \quad D_{1,2,3}(20) = max[f_3(0) + D_{1,2}(20);$

$f_3(20) + D_{1,2}(0)] = max[11; 16] = 16, \quad x_2^*(20) = 20.$

3) $Z = 40, \quad D_{1,2,3}(40) = max[f_3(0) + D_{1,2}(40); f_3(20) + D_{1,2}(20);$

$f_3(40) + D_{1,2}(0)] = max[20; 27; 32] = 32, \quad x_3^*(40) = 40.$

4) $Z = 60, \quad D_{1,2,3}(60) = max[f_3(0) + D_{1,2}(60); f_3(20) + D_{1,2}(40);$

$f_3(40) + D_{1,2}(20); f_3(60) + D_{1,2}(0)] = max[37; 36; 43; 40] = 43,$

$x_3^*(60) = 40.$

5) $Z = 80, \quad D_{1,2,3}(80) = max[f_3(0) + D_{1,2}(80); f_3(20) + D_{1,2}(60);$

$f_3(40) + D_{1,2}(40); f_3(60) + D_{1,2}(20); f_3(80) + D_{1,2}(0)] = max[44; 53;$

$52; 51; 57] = 57, \quad x_3^*(80) = 80.$

6) $Z = 100, \quad D_{1,2,3}(100) = max[f_3(0) + D_{1,2}(100); f_3(20) + D_{1,2}(80);$

$f_3(40) + D_{1,2}(60); f_3(60) + D_{1,2}(40); f_3(80) + D_{1,2}(20);$

$f_3(100) + D_{1,2}(0)] = max[59; 60; 69; 60; 68; 70] = 70, x_3^*(100) = 100.$

4- қадам. Барлық қаржы төрт мекемеге бөлінеді.

$Z = 100, \quad D_{1,2,3,4}(100) = max[f_4(0) + D_{1,2,3}(100); f_4(20) + D_{1,2,3}(80);$

$f_4(40) + D_{1,2,3}(60); f_4(60) + D_{1,2,3}(40); f_4(80) + D_{1,2,3}(20);$

$f_4(100) + D_{1,2,3}(0)] = max[70; 70; 70; 76; 85; 73] = 85, \ x_4^*(100) = 80.$

$\xi_0 = 100$

$x_4^*(100) = 80, \quad \xi_1 = \xi_0 - x_4 = 100 - 80 = 20.$

$x_3^*(20) = 20, \quad \xi_2 = \xi_1 - x_3 = 20 - 20 = 0.$

$x_2^*(0) = 0, \quad \xi_3 = \xi_2 - x_2 = 0.$

$x_1^*(0) = 0.$

Жауабы:

$X^* = \{0; 0; 20; 80\},$

$Z^* = 85.$

Үздіксіз есеп

21-мысал

Екі өндірісті дамыту үшін төрт жылғы қаржы $z_0 = \xi_0 = 10$ мың теңге бөлінген. Бір жылғы қаржы мөлшері 1 - өндірістен кіріс $f_1(x) = x^2$ алуға мүмкіндік береді және келесі мөлшерге дейін азаяды $\varphi_1(x) = 0{,}6x$. Оған сәйкес 2-өндірістен: $f_2(y) = 2y^2$, $\varphi_2(y) = 0{,}3y$. Жылдың соңында қалған қаржы қайта бөлінеді (өндіріске енгізіледі). Жаңа қаржы өндіріске түспейді. Қаржы жыл сайын толық бөлінеді.

Толық кіріс максимальды болатындай етіп қаржыларды бөлу керек.

Есептің шешімі:

Төрт жылды 4 кезеңге бөлеміз (әр жылға сәйкес бір кезең).

$k = 4, \quad \mathrm{n} = 4, 3, 2, 1$

Тәуелсіз айнымалыларды енгіземіз (есепте бір айнымалы болған дұрыс):

$x_k - \mathrm{k}$ - жылы 1-өндіріске бөлінген қаржы.

Қаржы жыл сайын толық бөлінгендіктен 2-өндіріске келесідей болады:

$y_k = \xi_{k-1} - x_k$

Осы жағдайда есеп бір өлшемді болады.

n – қадамның тиімділік көрсеткіші:

$$f_1(x_k) + f_2(\xi_{k-1} - x_k) = x_k^2 + 2(\xi_{k-1} - x_k)^2 = 3x_k^2 + 2\xi_{k-1}^2 - 4\xi_{k-1}x_k$$

n – жылдан қалған қалдықтар:

$$\varphi_1(x_k) + \varphi_2(\xi_{k-1} - x_k) = 0{,}6x_k + 0{,}3(\xi_{k-1} - x_k) = 0{,}3x_k + 0{,}3\xi_{k-1}$$

Соңғы жылдың оптималды басқаруы:

$$z_4^*(\xi_3) = \max_{0 \le x_4 \le \xi_3} \left\{3x_4^2 + 2\xi_3^2 - 4x_4\xi_3\right\}$$

Негізгі функционалды теңдеу:

$$z_k^*(\xi_{k-1}) = \max_{0 \le x_k \le \xi_{k-1}} \left\{3x_k^2 + 2\xi_{k-1}^2 - 4x_k\xi_{k-1} + z_{k+1}^*(0{,}3x_k + 0{,}3\xi_{k-1})\right\}, \quad \mathrm{k} = 3, 2, 1.$$

Есептеулер:

Бірінші қадам. Шартты оптималдау кезеңі:

1) $Z_4^*(\xi_3) = \max\limits_{0 \le x_4 \le \xi_3} \left\{3x_4^2 + 2\xi_3^2 - 4x_4\xi_3\right\} = \max\limits_{0 \le x_4 \le \xi_3} \left\{2\xi_3^2;\ \xi_3^2\right\} = 2\xi_3^2$,

$x_4^*(\xi_3) = 0$.

2) $Z_3^*(\xi_2) = \max\limits_{0 \le x_3 \le \xi_2} \left\{3x_3^2 + 2\xi_2^2 - 4x_3\xi_2 + 2(0{,}3x_3 + 0{,}3\xi_2)^2\right\} =$

$$= \max_{0 \le x_3 \le \xi_2} \left\{3x_3^2 + 2\xi_2^2 - 4x_3\xi_2 + 2(0{,}09x_3^2 + 0{,}18x_3\xi_2 + 0{,}09\xi_2^2)\right\} =$$

$$= \max_{0 \le x_3 \le \xi_2} \left\{3x_3^2 + 2\xi_2^2 - 4x_3\xi_2 + 0{,}18x_3^2 + 0{,}36x_3\xi_2 + 0{,}18\xi_2^2)\right\} =$$

$$= \max_{0 \le x_3 \le \xi_2} \left\{3{,}18x_3^2 + 2{,}18\xi_2^2 - 3{,}64x_3\xi_2\right\} = \max_{0 \le x_3 \le \xi_2} \left\{2{,}18\xi_2^2;\quad 1{,}72\xi_2^2\right\} = 2{,}18\xi_2^2,$$

$x_3^*(\xi_2) = 0$.

3) $Z_2^*(\xi_1) = \max\limits_{0 \le x_2 \le \xi_1} \left\{3x_2^2 + 2\xi_1^2 - 4x_2\xi_1 + 2{,}18(0{,}3x_2 + 0{,}3\xi_1)^2\right\} =$

$$\max_{0 \le x_2 \le \xi_1} \left\{3x_2^2 + 2\xi_1^2 - 4x_2\xi_1 + 2{,}18(0{,}09x_2^2 + 0{,}18x_2\xi_1 + 0{,}09\xi_1^2)\right\} =$$

$$= \max_{0 \le x_2 \le \xi_1} \left\{3x_2^2 + 2\xi_1^2 - 4x_2\xi_1 + 0{,}1962x_2^2 + 0{,}3924x_2\xi_1 + 0{,}1962\xi_1^2\right\} =$$

$$= \max_{0 \le x_2 \le \xi_1} \left\{3{,}1962x_2^2 + 2{,}1962\xi_1^2 - 3{,}6076x_2\xi_1\right\} = \max_{0 \le x_2 \le \xi_1} \left\{2{,}1962\xi_1^2; 1{,}7848\xi_1^2\right\} = 2{,}1962\xi_1^2,$$

$x_2^*(\xi_1) = 0$.

4) $Z_1^*(\xi_0) = \max\limits_{0 \le x_1 \le \xi_0} \left\{3x_1^2 + 2\xi_0^2 - 4x_1\xi_0 + 2{,}1962(0{,}3x_1 + 0{,}3\xi_0)^2\right\} =$

$= \max\limits_{0 \le x_1 \le \xi_0} \left\{3x_1^2 + 2\xi_0^2 - 4x_1\xi_0 + 2{,}1962(0{,}09x_1^2 + 0{,}18x_1\xi_0 + 0{,}09\xi_0^2)\right\} =$

$= \max\limits_{0 \le x_1 \le \xi_0} \left\{3x_1^2 + 2\xi_0^2 - 4x_1\xi_0 + 0{,}1977x_1^2 + 0{,}3953x_1\xi_0 + 0{,}1977\xi_0^2\right\} =$

$= \max\limits_{0 \le x_1 \le \xi_0} \left\{3{,}1977x_1^2 + 2{,}1977\xi_0^2 - 3{,}6047x_1\xi_0\right\} = \max\limits_{0 \le x_1 \le \xi_0} \left\{2{,}1977\xi_0^2;\quad 1{,}7907\xi_0^2\right\} = 2{,}1977\xi_0^2$,

$x_1^*(\xi_0) = 0$.

Екінші қадам. Шартсыз оптималдау кезеңі:

$\xi_0 = 10, \quad z_{\max} = 2{,}1977\xi_0^2 = 219{,}77.$

$x_1^* = 0.$

$\xi_1 = 0{,}3x_1 + 0{,}3\xi_0 = 0{,}3 \cdot 0 + 0{,}3 \cdot 10 = 3,$

$z_2^* = 2{,}1962\xi_1^2 = 2{,}1962 \cdot 9 = 19{,}7658$,

$x_2^* = 0.$

$\xi_2 = 0{,}3x_2 + 0{,}3\xi_1 = 0{,}3 \cdot 0 + 0{,}3 \cdot 3 = 0{,}9,$

$z_3^* = 2{,}18\xi_2^2 = 2{,}18 \cdot 0{,}9^2 = 1{,}7658$,

$x_3^* = 0.$

$\xi_3 = 0{,}3x_3 + 0{,}3\xi_2 = 0{,}3 \cdot 0 + 0{,}3 \cdot 0{,}9 = 0{,}27,$

$z_4^* = 2\xi_3^2 = 2 \cdot 0{,}27 = 0{,}54$,

$x_4^* = 0$.

Үздіксіз есептің жауабын кесте арқылы келтіруге болады:

Өндіріс	Жылдар			
	1	2	3	4
I	0	0	0	0
II	10	3	0,9	0,27

9 - тапсырма. Келесі есептерді динамикалық бағдарламалау әдісімен шығару керек:

1)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
20	9	11	16	13
40	18	19	32	27
60	24	30	40	44
80	38	44	57	69
100	50	59	70	73

2)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
40	9	11	13	12
80	17	34	28	35
120	29	46	37	40
160	38	53	49	54
200	47	75	61	73

3)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
10	7	9	17	16
20	29	19	27	30
30	37	28	37	42
40	41	37	48	65
50	59	46	66	81

4)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
30	9	12	11	14
60	20	25	20	23
90	35	34	32	40
120	44	46	48	50
150	57	57	61	58

5)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
15	9	8	12	7
30	18	19	25	15
45	29	30	51	52
60	41	47	58	59
75	60	58	69	60

6)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
35	11	13	12	10
70	21	20	22	27
105	40	42	34	33
140	54	45	55	57
175	62	61	60	69

7)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
25	12	16	9	15
50	26	21	17	25
75	40	36	35	51
100	60	49	51	62
125	72	63	65	76

8)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
45	14	12	13	7
90	24	30	25	33
135	37	42	45	46
180	45	58	62	60
225	58	71	70	68

9)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
50	16	10	15	17
100	28	29	27	23
150	36	42	46	38
200	49	50	58	53
250	60	74	65	67

10)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
60	12	14	11	16
120	28	26	24	21
180	39	40	43	36
240	47	51	51	49
300	69	68	68	72

11)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
55	9	11	16	13
110	17	34	28	35
165	37	28	37	42
220	44	46	48	50
275	60	58	69	60

12)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
20	9	11	13	12
40	29	19	27	30
60	37	28	37	42
80	44	46	48	50
100	60	58	69	60

13)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
10	7	9	17	16
20	20	25	20	23
30	29	30	51	52
40	38	44	57	69
50	47	75	61	73

14)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
40	9	12	11	14
80	18	19	25	15
120	29	46	37	40
160	44	46	48	50
200	60	58	69	60

15)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
30	9	8	12	7
60	18	19	32	27
90	29	30	51	52
120	41	37	58	65
150	57	57	61	78

16)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
50	11	13	12	10
100	26	21	17	25
150	37	42	45	46
200	47	51	51	49
250	62	61	60	69

17)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
60	12	16	9	15
120	24	30	25	33
180	36	42	46	38
240	60	49	51	62
300	72	63	65	76

18)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
80	14	12	13	7
160	28	29	27	23
240	39	40	43	36
320	54	45	55	57
400	72	63	65	76

19)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
70	16	10	15	17
140	28	26	24	21
210	40	42	34	33
280	50	49	51	62
350	58	71	70	68

20)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
90	12	14	11	16
180	21	20	22	27
270	40	36	35	51
360	45	58	62	60
450	60	74	65	67

21)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
100	9	11	16	13
200	29	19	27	30
300	39	30	51	52
400	60	49	56	62
500	68	74	65	67

22)

x	$f_1(x)$	$f_2(x)$	$f_3(x)$	$f_4(x)$
35	9	11	13	12
70	20	25	20	23
105	40	42	34	33
140	45	58	62	60
175	69	68	68	72

10-тапсырма. Келесі есептерді динамикалық бағдарламалау әдісімен шығару керек:

Вариант	$f_1(x)$	$f_2(y)$	$\varphi_1(x)$	$\varphi_2(y)$	ξ_0	N
1.	$1-e^{-x}$	$1-e^{-2y}$	$0{,}75x$	$0{,}3y$	2	5
2.	$0{,}5x$	$0{,}7y$	$0{,}5x$	$0{,}6y$	10	5
3.	$0{,}6(x-1)^2$	$0{,}5y^2$	$0{,}9x$	$0{,}1y$	30	5
4.	$1-e^{-2x}$	$1-e^{-3y}$	$0{,}7x$	$0{,}2y$	4	5
5.	x^2	$2y^2$	$0{,}6x$	$0{,}3y$	10	4
6.	$3x^2$	$2y^2$	$0{,}45x$	$0{,}8y$	20	4
7.	x^2	$3y^2$	$0{,}5x$	$0{,}2y$	30	4
8.	$4x^2$	$2y^2$	$0{,}3x$	$0{,}7y$	10	4
9.	$2x^2$	$4y^2$	$0{,}7x$	$0{,}5y$	30	4
10.	$2x^2$	$3y^2$	$0{,}8x$	$0{,}4y$	20	4

10. ТОРАПТЫҚ СЫЗЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ

Торап түйіндер және қабырғалар жиынынан тұрады. Егер қабырғаның белгілі бағыты болса, онда ол бағытталған қабырға деп аталады, қарсы жағдайда бағытталмаған болады. Торапқа келесі белгілеулер енгізіледі:

N_i – түйіндер үшін

A_{ij} – N_i түйінінен N_j түйініне апаратын қабырға үшін.

Торап байланысқан деп аталады, егер X тораптың түйіндер жиынының қосалқы $\bar{X}$ жиынға бөлген жағдайда A_{ij} немесе A_{ji} қабырғасы табылса:

$A_{ij}, A_{ji}: N_i \in X$,

$N_j \in \bar{X}$

Тізбек деп түйіндер мен қабырғалар кезектілігін айтады. Тұйық тізбекті цикл деп атайды. Алдыңғы қабырғаның соңы келесі қабырғаның басымен қосылған қабырғалар тізбегін жол деп атайды. Жол бойынша газ, транспорт, сұйықтық жіберіледі.

Торапта екі арнайы түйінді ажыратады:

N_s – алғашқы түйін;

N_t – соңғы түйін.

Ағын x_{ij} деп, әрбір қабырғаға сәйкес келетін және келесі шарттарды қанағаттандыратын оң мағыналы сандар жиынтығын айтады:

$$\sum_i X_{ij} - \sum_k X_{jk} = \begin{cases} -\upsilon, j = S \\ 0, j \neq S, t \\ \upsilon, j \neq t \end{cases} \qquad (10.1)$$

$$0 \leq x_{ij} \leq dij \qquad (10.2)$$

мұндағы $x_{ij} - A_{ij}$ қабырғасы бойынша ағын;

υ – ағын шамасы;

d_{ij} – доғаның өткізгіштік қабілеттілігі.

(10.1)-шектеу әрбір түйінге (арнайы түйіндерден басқа) кіретін ағын шамасы шығатын шамасына тең екенін білдіреді.

(10.2)-шектеу қабырға бойынша ағын өзінің өткізе алатын қабілеттілігімен шектелетінін көрсетеді.

Тораптық бағдарламалау әдістері келесі есептерді шығаруға арналған:

1) ең қысқа жол есебі;
2) максимальды ағын есебі;
3) белгілеу есебі;
4) сұраныс пен ұсыныс есебі;
5) ресурстарды үлестіру туралы есеп.

Мысалы, максимальды ағын есебінің математикалық моделі келесі түрде жазылады:

$$\max \upsilon = \sum_j X_{sj} \tag{10.3}$$

$$\sum_i X_{ij} - \sum_k X_{jk} = \begin{cases} -\upsilon, j = S \\ 0, j \neq S, t \\ \upsilon, j = t \end{cases}$$

$$0 \le x_{ij} \le dij$$

A_{ij} қабырғаның жиынтығын кесік (тілік) $(X, \bar{X})$ деп атайды, егер $N_i \in X$, $N_j \in \bar{X}$ болса, немесе керісінше. Кесіктің өткізе алатын қабілеттілігі: $d(X, \bar{X}) = \sum_{(i,j)} d_{ij}$. Мұндағы қосынды барлық қабырғалар бойынша алынады. Алғашқы түйінді соңғы түйінмен қосатын минимальды өткізу қабілеттілігі бар кесікті минимальды кесік деп атайды.

10.1. Форд-Фалкерсон әдісі

1-теорема. Егер $C = \|C_{i,j}\|$ матрицасы бар есеп үшін оптималды шешім болса, онда ол шешім түрлендірілген матрицасы бар, мұндағы

$C^1 = \|C^1{}_{ij}\|, C^1{}_{ij} = C_{ij} \pm \delta \ \forall \ (i, j),$ есептің де оптималды шешімі болады.

2-теорема.Түрлендірілген есептің шешімі оптималды болу үшін келесі шарттардың орындалуы қажетті және жеткілікті:

1) $C_{ij} > 0, \quad X_{ij} = 0$

2) $C_{ij} < 0, \quad X_{ij} = d_{ij}$

3) $C_{ij} = 0, \; 0 \le X_{ij} \le d_{ij}$

Форд-Фалкерсон әдісінің алгоритмі:

1^0 Торапқа алғашқы және соңғы түйіндер енгізіп, келесі мәндерді табамыз:

$$a_s = \sum_{j \in s} a_{ij}, \qquad b_t = \sum_{j \in T} b_j$$

2^0 Барлық қабырғалар бойынша алғашқы ағын 0-ге тең:

$$X_{ij} = 0 \qquad \forall (i, j)$$

3^0 Алғашқы түйінді белгілеу: $S = \left[-, a_s \right]$

4^0 Алғашқы түйінмен байланысқан түйіндер үшін белгілеулер жүргізу: j-түйін келесі жағдайда ғана белгіленеді:

1) $C_{ij} \le 0, \quad x_{ij} \le d_{ij}$

2) $C_{ij} \ge 0, \quad X_{ij} > 0$

Егер i-түйін келесідей белгіленген болса:

$i = \left[R^{\pm}, \varepsilon_i \right]$, онда j-ші түйіннің белгісі:

1) $j = \left[i^{+}, \varepsilon_j = \min\left(\varepsilon_i, d_{ij} - x_{ij} \right) \right]$ (1- жағдайда)

2) $j = \left[i^{-}, \varepsilon_j = \min\left(\varepsilon_i, x_{ij} \right) \right]$ (2- жағдайда)

Белгілеу бағытталған қабырғаның тура бағыты бойынша жүргізілсе, онда “+” қойылады, қарсы бағыты бойынша – “-”

4^0- қадам соңғы түйін белгіленгенше орындалады. Соңғы t түйіні белгіленді ме? “Иә” болса, 5^0- қадамға, “Жоқ” болса, 6^0- қадамға көшу.

5^0 Егер соңғы түйін белгіленген болса (басқаша айтқанда, s түйіннен t түйінге дейін жол табылса), онда жоспарды келесідей өзгертеміз:

$$X_{ij}^{1} = \begin{cases} X_{ij} + \varepsilon_t & \text{егер (i,j) тура бағытты қабырға болса,} \\ X_{ij} - \varepsilon_t & \text{егер (i,j) кері бағытты қабырға болса,} \\ X_{ij} & \text{қалған жағдайларда} \end{cases}$$

a_s -ті өзгертеміз:

$a^1{}_s = a_s - \varepsilon_t$ және 3- қадамға көшеміз.

6^0 Егер соңғы t түйінді белгілей алмасақ, онда екі жиынды енгізіп, қабырғалар бағасын өзгертеміз.

$$A_1\left\{(i,j)/\, i \in x, j \in \bar{x}, C_{ij} \geq 0\right\}$$

$$A_2\left\{(j,i)/\, i \in x, j \in \bar{x}, C_{ij} < 0\right\}$$

$$\delta_1 = \min_{A_1} C_{ij}, \delta_2 = \min_{A_2}\left|C_{ij}\right|, \delta = \min(\delta_1, \delta_2)$$

$$C^1{}_{ij} = \begin{cases} C_{ij} - \delta, \text{егер } i \in X, j \in \bar{X} \\ C_{ij} + \delta, \text{егер } i \in \bar{X}, j \in X \\ C_{ij}, \text{баска кабыргалар ушін} \end{cases}$$

3^0 -қадамға көшу

(X – белгісі бар түйіндер жиыны, $\bar{X}$ – белгіленбеген түйіндер жиыны).

7^0-Есептеулер минимальды кесік табылған кезде тоқтатылады ($a_s = 0$ немесе A_1, A_2 – бос болған кезде).

22- мысал



Шешімі.

1 итерация.

1 қадам. $a_s = 6$.

2 қадам. $x_{ij} = 0$.

3 қадам. Алғашқы түйінді белгілейміз $s = [–, a_s] = [–, 6]$.

4 қадам. t түйініне жету үшін s түйінімен байланысқан түйіндер үшін белгілеулер жүргіземіз, яғни

$1 = [s^+, \varepsilon_1 = \min(\varepsilon_s, d_{s1} - x_{s1}) = \min(6, 6) = 6]$.

6 қадам. Жиындарды енгіземіз:

$A_1 = \{(i, j) \mid i \in X,\ j \in \overline{X},\ c_{ij} \geq 0\} = \{(1, 2),\ (1, 3)\}$, $\delta_1 = \min(2, 3) = 2$,

$A_2 = \{(i, j) \mid i \in \overline{X},\ j \in X,\ c_{ij} < 0\} = \{\varnothing\}$, $\delta_2 = \infty$, $\delta = 2$.

4 қадам. $2 = [1^+, \varepsilon_2 = \min(\varepsilon_1, 4) = \min(6, 4) = 4]$.

$3 = [2^+, \varepsilon_3 = \min(\varepsilon_2, 2) = \min(2, 2) = 2]$.

$4 = [3^+, \varepsilon_4 = \min(\varepsilon_3, 4) = \min(2, 4) = 2]$.

$t = [4^+, \varepsilon_t = \min(\varepsilon_4, 6) = \min(2, 6) = 2]$.

Жол: $s \to 1 \to 2 \to 3 \to 4 \to t$, груз 2, (2, 3) – қаныққан қабырға.

2 итерация.

1 қадам. $a'_s = 6 – 2 = 4$.

3 қадам. $s = [–, 4]$.

4 қадам. $1 = [s^+, \varepsilon_1 = \min(4, 4) = 4]$, $2 = [1^+, \varepsilon_2 = \min(4, 2) = 2]$.

6 қадам. Жиындарды енгіземіз:

$A_1 = \{(1, 3), (2, 4)\}$, $\delta_1 = \min(1, 1) = 1$,

$A_2 = \{\varnothing\}$, $\delta_2 = \infty$, $\delta = 1$.

4 қадам. $3 = [1^+, \varepsilon_3 = \min(4, 2) = 2]$.

$4 = [3^+, \varepsilon_4 = \min(2, 4) = 2]$.

$t = [4^+, \varepsilon_t = \min(2, 4) = 2]$.

Жол: $s \to 1 \to 3 \to 4 \to t$, ағын екіге тең , (1, 3), (3, 4) – қаныққан қабырға.

3 итерация.

1 қадам. $a'_s = 4 – 2 = 2$.

3 қадам. $s = [–, 2]$.

4 қадам. $1 = [s^+, \varepsilon_1 = \min(2, 2) = 2]$, $2 = [1^+, \varepsilon_2 = \min(2, 2) = 2]$.

$4 = [2^+, \varepsilon_4 = \min(2, 2) = 2]$, $t = [4^+, \varepsilon_t = \min(2, 2) = 2]$.

Жол: $s \to 1 \to 2 \to 4 \to t$, ағын екіге тең.

$a'_s = 0$.

11- тапсырма. Келесі есептерді Форда-Фалкерсон алгоритмін қолданып шығару керек

1)



2)



3)



4)


2
3/4
2/8
0/10
1/4
2/4
0/10
s
1
4
t
1/6
1/2
3

5)


2
2/3
1/5
0/7
2/3
1/3
0/7
s
1
4
t
3/4
1/2
3

6)


2
2/4
1/2
0/6
0/2
1/2
0/6
s
1
4
t
3/2
0/4
3

7)


6/10
1
4
0/10
5/25
0/35
0/30
6/25
s
2
6/55
t
0/35
7/10
0/40
7/10
3
5

8)


7/25
1
4
0/20
5/25
0/40
0/30
6/15
s
2
6/50
t
0/25
7/10
0/40
7/10
3
5

11. БЕЙСЫЗЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ

Бейсызықты бағдарламалаудың жалпы есебі деп теңдеу және (немесе) теңсіздіктер түрінде берілген шектеулер кезіндегі мақсатты функцияның экстремумын табуды айтамыз. Бейсызықты бағдарламалау есебінде мақсатты функция бейсызықты, ал шектеулер сызықты немесе бейсызықты болуы мүмкін.

Жалпы түрде бейсызықты бағдарламалау есебі келесідей:

$$f\left(x_1, x_2, ..., x_n\right) \to \min \ (\max), \tag{11.1}$$

келесі шарттарда

$x \in S$,

$$S = \left\{x \middle| g_j\left(x_1, x_2, ..., x_n\right) \le 0,\ i = \overline{1,l},\ \ h_j\left(x_1, x_2, ..., x_n\right) = 0,\ x_i \ge 0,\ j = \overline{1,k}\ ,\ i = \overline{1,n}\right\}, \tag{11.2}$$

мұндағы $f(x), g_j(x)$ және $h_j(x)$ – кейбір n айнымалы белгілі функциялар, $x_1, x_2, ..., x_n$ шамалары – n өлшемді $\bar{X}$ вектор-бағанның құрамалары.

Егер $f(x), g_j(x)$ және $h_j(x)$ – сызықты функциялар болса, онда (11.1)-(11.2) есептер сызықты бағдарламалау есебі болып табылады.

(11.2)-қатынас шектеулер жүйесін құрады және айнымалылардың теріс еместік шарттарынан тұрады. Айнымалылардың теріс еместік шарттары берілген болуы мүмкін.

Негізгі түсініктеме мен анықтамалар

Бейсызықты бағдарламалау есебінің функциялары локалді және глобалді экстремумдары болады.

$x^* \in X$ нүктесі $f(x)$ функциясының глобалді минимум нүктесі деп аталады, егер кез келген $x \in X$ үшін $f(x) \ge f(x^*)$ орындалса.

$x^* \in X$ нүктесі $f(x)$ функциясының локалді минимум нүктесі деп аталады, егер x^* нүктесінің ε- аймағында орындалатын кез келген $x \in X$ үшін $f(x) \ge f(x^*)$ орындалса.

Шешу әдістерінің көпшілігі дөңес бағдарламалау есептерін шешу үшін қолданылады. Жиын дөңес деп аталады, егер оның құрамында екі нүктеден басқа оларды қосатын кесінді болса.

Бейсызықты бағдарламалау есептерінің ішінде келесілер кездеседі:

– дөңес бағдарламалау;
– квадраттық бағдарламалау;
– бүтінсандық бағдарламалау;
– стохастикалық бағдарламалау;
– динамикалық бағдарламалау және т.б.

Дөңес бағдарламалау есептері – бұл дөңес тұйық жиында берілген дөңес функцияның минимумы (немесе ойыстың максимумы) анықталатын есептер.

Квадраттық бағдарламалау есептері – бұл мақсатты функциясы квадратты, ал шектеулері сызықты болатын есептер.

Бүтінсандық бағдарламалау есептері – бұл белгісіз параметрлері тек бүтінсандық мәндерді ғана қабылдай алатын есептер.

Стохастикалық бағдарламалау есептері – бұл мақсатты функциясы не шектеулер функциясы ықтималдық теория заңдарына бағынатын кездейсоқ шамалардан тұратын не мақсаттық функция коэффициенттері белгісіз болатын есептер.

Динамикалық бағдарламалау есептері – бұл шектеулерінде уақыт параметрлері болатын және дифференциалдық теңдеулермен сипатталатын, шешімдерін табу процесі көп этаптан тұратын есептер.

11.1. Бейсызықты бағдарламалау әдістерінің сыныпталуы

Бейсызықты бағдарламалау есептерін шешу үшін көптеген әдістер қолданылады. Оларды әртүрлі белгілері бойынша сыныптауға болады:

1) Мақсатты функциядағы локалді критерий саны бойынша:

– бір критерийлі;
– көп критерийлі.

Егер әдіс қандайда бір локалді экстремумды анықтауға бағытталған болса, онда мұндай әдіс локалді әдіске жатады. Оны локалді іздеу әдісі деп атайды. Егер де нәтижесі глобалді экстремум болса, онда әдіс глобалді іздеу әдісі деп аталады. Жалпы жағдай үшін глобалді іздеу әдісі есептеу жағынан тиімсіздеу болғандықтан локалді экстремумды іздеу әдістері қолданылады.

2) $\bar{X}$ векторының параметрлер саны бойынша:

– бір параметрлі немесе бірөлшемді (n=1);

– көп параметрлі немесе көпөлшемді (n>1).

Бірөлшемді оптималдау әдістерінде басқару параметрі біреу және $\bar{X}$ векторының өлшемі екіден аз емес болады.

3) Шектеулер бойынша:

– шартсыз оптималдау;

– шартты оптималдау.

Нақты есептер үшін шектеулердің болуы сипатты, алайда шартсыз оптималдау әдісі де қызығушылық туындатады.

4) Экстремумды іздеу алгоритміне қолданылатын ақпараттың типі бойынша:

– тіке іздеу әдістері, яғни мақсатты функцияның экстремумын іздеу кезінде тек оның (өзінің) мәндері қолданылады;

– бірінші ретті градиенттік әдістер, мұнда функцияның экстремумын іздеу кезінде оның бірінші туындысы қолданылады.

Екінші ретті градиенттік әдістер, мұнда функцияның экстремумын іздеу кезінде оның бірінші туындысымен қатар екінші туындысы да қолданылады.

11.2. Бірөлшемді ізденіс әдістері

Фиббоначи саны

Барлық бірөлшемді әдістер ізденіс аралығын екі кіші кесімге белгілі пропорцияда бөлуге негізделген.



$\frac{1}{F_1} = \frac{F_1}{F_2}$ $F_1 = \sqrt{F_2}$ F_2 – ден квадраттық түбір

$F_1 = 0{,}62$, $F_2 = 0{,}38$

Алтын қиық әдісі

Берілген есептің математикалық моделі:

$f(x) \to min$

$a \le x \le в$, Δ;

Алтын қиық есебінің алгоритмі:

1^0 k=0 $x_2^{(k)} = в$, $x_1^{(k)} = a$, $\Delta^{(k)} = x_2^{(k)} - x_1^{(k)}$

2^0 $\Delta^{(k)} \le \Delta$? “Иә”- есептің оптималды шешімі табылды, “Жоқ”- 3^0 қадамға көшу.

3^0[a,b] аралығында екі нүкте табу: $y_1^{(k)} = x_1^{(k)} + \Delta^{(k)} F_2$

$y_2^{(k)} = x_1^{(k)} + \Delta^{(k)} F_1$

4^0 Егер $f(y_1^{(k)}) \le f(y_2^{(k)})$, онда $\Delta^{(k+1)} = y_2^{(k)} - x_1^{(k)}, x_1^{(k+1)} = x_1^{(k)}$,

$x_2^{(k+1)} = y_2^{(k)}$, *k=k+1,* 2^0-і қадамға көшу

қарсы жағдайда

$\Delta^{(k+1)} = x_2^{(k)} - y_1^{(k)}, x_1^{(k+1)} = y_1^{(k)}$, $x_2^{(k+1)} = x_2^{(k)}$, *k=k+1,* 2^0 қадамға көшу.

23-мысал

$f(x) = (x-3)^2 + 1 \to \min, \quad 1 \le x \le 4, \quad \Delta = 0{,}5.$

x_1	x_2	Δ	y_1	y_2	$f(y_1)$	$f(y_2)$
1	4	3	2,14	2,86	1,7396	1,096
2,14	4	1,86	2,8468	3,2832	1,02347	1,0802
2,14	3,2832	1,1432	2,5744	2,8487	1,1811	1,0328
2,5744	3,2832	0,7088	3,8437	3,0137	1,0244	1,0002
3,843	2,2832	0,4395	3,01	3,116	1,0001	1,01347

Есептің жауабы: $x^* = 3, \qquad f^* = 1.$

11.3. Көпөлшемді ізденіс әдістері

11.3.1. Циклдық әрбір координата бойынша құлдилау әдісі

Циклдық әрбір координата бойынша құлдилау әдісі туындыны қолданбайтын көпөлшемді шартсыз оптималдау әдісіне жатады. Көпөлшемділік деп функцияның минимумын іздеу үшін әдістің бірден көп айнымалыларды қолданатынын айтамыз. Әдіс қозғалыстың минимумға бағытын анықтау үшін туындыны қолданбайды, әйтсе де қозғалыстың қадамын анықтау үшін дербес туындылауды қолданады. Бұл әдіс релаксациялық болып табылады, яғни қозғалыс барлық айнымалы үшін бірден болмайды, қалған айнымалылардың мәндері тұрақты болып қалған кезде тек кезекпен әрбір айнымалы бойынша.

Циклдық әрбір координата бойынша құлдилау әдісінің алгоритмі келесі түрде болады:

1) n айнымалы $f(x_1, x_2, ..., x_n)$ мақсатты функция үшін бастапқы вектор беріледі

$$x^{(0)} = \begin{pmatrix} x_1^{(0)} \\ x_2^{(0)} \\ \vdots \\ x_n^{(0)} \end{pmatrix}.$$

2) Бірлік вектор енгізіледі $e_1 = \begin{pmatrix} 1 \\ 0 \\ \vdots \\ 0 \end{pmatrix}$, оның элементтерінің саны n-ға тең.

3) $f(x_1^{(0)} + \lambda_1 e_1,\ x_2^{(0)},\ ...,\ x_n^{(0)}) \to \min\limits_{\lambda_1}$ есебі шығарылады, ағымды нүкте ретінде $x^{(1)} = \begin{pmatrix} x_1^{(1)} \\ x_2^{(0)} \\ \vdots \\ x_n^{(0)} \end{pmatrix}$ алынады.

4) Бірлік вектор енгізіледі $e_2 = \begin{pmatrix} 0 \\ 1 \\ \vdots \\ 0 \end{pmatrix}$, оның элементтерінің саны n-ға тең.

5) $f(x_1^{(1)}, x_2^{(0)} + \lambda_2 e_2, ..., x_n^{(0)}) \to \min\limits_{\lambda_2}$ есебі шығарылады, ағымды нүкте ретінде $x^{(2)} = \begin{pmatrix} x_1^{(1)} \\ x_2^{(1)} \\ \vdots \\ x_n^{(0)} \end{pmatrix}$ алынады.

6) Қозғалыс кезек бойынша қалған барлық айнымалылар бойынша орындалады, n-ші айнымалымен аяқталады.

7) Барлық λ нөлге тең болғанға дейін процесс басынан қайтадан қайталанып отырады. Бұл шарт орындалғанда X ағымды векторы оптималды болады.

11.3.2. Барынша тез құлдилау әдісі

Есептің берілгені: $f(x) \to \min, X^0$.

Әдістің алгоритмі:

1. Бастапқы шешімді анықтау, X^0.

2. Градиентті анықтау: $\nabla f = \partial f(x) / \partial x^{(k)}$;

Эвклид нормасын табу:

$\|\nabla f\| = \sqrt{(\partial f(x) / \partial {x_1}^{(k)})^2 + (\partial f(x) / \partial {x_2}^{(k)})^2 + ...}$

3. Егер $\|\nabla f\|=0$ болса, онда оптималды нүкте табылды, $x^{(k)}$ - оптималды нүкте, басқа жағдайда 4-қадамға көшу.

4. $x^{(k)}$-нүктесінен бағытты анықтау: $S^{(k)} = -\nabla f / \|\nabla f\|$.

5. Бір қадам орындау $\lambda^{(k)} : f(x^{(k)} + \lambda^{(k)} S^{(k)}) \to \min \lambda^{(k)}$.

6. Жаңа нүктені анықтау: $x^{(k+1)} = x^{(k)} + \lambda^{(k)} S^{(k)}$. 2-қадамға көшу.

Бұл әдісте λ тұрақты немесе айнымалы шама болуы мүмкін.

24- мысал

$$f(x) = 20x_1 + 16x_2 - x_1^2 - x_2^2 \to \max$$
$$X^{(0)} = (2, 3).$$

Шешімі

Итерация нөмірі	x_1	x_2	$\frac{\partial f}{\partial x_1}$	$\frac{\partial f}{\partial x_2}$	$\lVert \nabla f(\bullet) \rVert$	s_1	s_2	λ
0	2	3	16	10	18,87	–0,85	–0,53	–9,45
1	10,03	8,01	–0,06	–0,02	0,06	1	0,33	–0,03
2	10	8	0	0	0	0	0	0

$$\frac{\partial f}{\partial x_1} = 20 - 2x_1. \qquad \frac{\partial f}{\partial x_2} = 16 - 2x_2.$$

$$\lVert \nabla f(\bullet) \rVert = \sqrt{\left(\frac{\partial f}{\partial x_1}\right)^2 + \left(\frac{\partial f}{\partial x_2}\right)^2}. \quad \vec{S} = -\frac{\nabla f(x)}{\lVert \nabla f(x) \rVert}.$$

$$20\left(x_1^{(\nu)} + \lambda^{(\nu)} s_1^{(\nu)}\right) + 16\left(x_2^{(\nu)} + \lambda^{(\nu)} s_2^{(\nu)}\right) - \left(x_1^{(\nu)} + \lambda^{(\nu)} s_1^{(\nu)}\right)^2 - \left(x_2^{(\nu)} + \lambda^{(\nu)} s_2^{(\nu)}\right)^2 \to \min_{\lambda^{(\nu)}}.$$

$$20 s_1^{(\nu)} + 16 s_2^{(\nu)} - 2 s_1^{(\nu)}\left(x_1^{(\nu)} + \lambda^{(\nu)} s_1^{(\nu)}\right) - 2 s_2^{(\nu)}\left(x_2^{(\nu)} + \lambda^{(\nu)} s_2^{(\nu)}\right) = 0$$

$$20 s_1^{(\nu)} + 16 s_2^{(\nu)} - 2 s_1^{(\nu)} x_1^{(\nu)} - 2\lambda^{(\nu)}\left(s_1^{(\nu)}\right)^2 - 2 s_2^{(\nu)} x_2^{(\nu)} - 2\lambda^{(\nu)}\left(s_2^{(\nu)}\right)^2 = 0.$$

$$10 s_1^{(\nu)} + 8 s_2^{(\nu)} - s_1^{(\nu)} x_1^{(\nu)} - s_2^{(\nu)} x_2^{(\nu)} = \lambda^{(\nu)}\left(s_1^{(\nu)}\right)^2 - \lambda^{(\nu)}\left(s_2^{(\nu)}\right)^2$$

$$\lambda^{(\nu)} = \frac{10 s_1^{(\nu)} + 8 s_2^{(\nu)} - s_1^{(\nu)} x_1^{(\nu)} - s_2^{(\nu)} x_2^{(\nu)}}{\left(s_1^{(\nu)}\right)^2 + \left(s_2^{(\nu)}\right)^2}.$$

$$x^{(\nu)} = x^{(\nu-1)} + \lambda^{(\nu)} S^{(\nu)}.$$

0– итерация

$$x_1 = 2 \quad x_2 = 3$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_1} = 20 - 2x_1 = 16$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_2} = 16 - 2x_2 = 10$$

$$\lVert \nabla f(\bullet) \rVert = \sqrt{\left(\frac{\partial f}{\partial x_1}\right)^2 + \left(\frac{\partial f}{\partial x_2}\right)^2} = \sqrt{16^2 + 10^2} = 18{,}87$$

$$\vec{S}_1 = -\frac{\nabla f(x_1)}{\lVert \nabla f(x) \rVert} = -\frac{16}{18{,}87} = -0{,}85$$

$$\vec{S}_2 = -\frac{\nabla f(x_2)}{\|\nabla f(x)\|} = -\frac{10}{18{,}87} = -0{,}53$$

$$\lambda_1^{(\nu)} = \frac{10s_1^{(\nu)} + 8s_2^{(\nu)} - s_1^{(\nu)}x_1^{(\nu)} - s_2^{(\nu)}x_2^{(\nu)}}{\left(s_1^{(\nu)}\right)^2 + \left(s_2^{(\nu)}\right)^2} = \frac{-8{,}5 - 4{,}24 + 1{,}7 + 1{,}59}{0{,}72 + 0{,}28} = -9{,}45$$

1– итерация

$$x_1^{(\nu)} = x_1^{(\nu-1)} + \lambda^{(\nu)} S_1^{(\nu)} = 2 + (-9{,}45) * (-0{,}85) = 10{,}03$$

$$x_2^{(\nu)} = x_2^{(\nu-1)} + \lambda^{(\nu)} S_2^{(\nu)} = 3 + (-9{,}45) * (-0{,}53) = 8{,}01$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_1} = 20 - 2x_1 = -0{,}06$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_2} = 16 - 2x_2 = -0{,}02$$

$$\|\nabla f(\bullet)\| = \sqrt{\left(\frac{\partial f}{\partial x_1}\right)^2 + \left(\frac{\partial f}{\partial x_2}\right)^2} = \sqrt{(-0{,}06)^2 + (-0{,}02)^2} = 0{,}06$$

$$\vec{S}_1 = -\frac{\nabla f(x_1)}{\|\nabla f(x)\|} = -\frac{-0{,}06}{0{,}06} = 1$$

$$\vec{S}_2 = -\frac{\nabla f(x_2)}{\|\nabla f(x)\|} = -\frac{-0{,}02}{0{,}06} = 0{,}33$$

$$\lambda_1^{(\nu)} = \frac{10s_1^{(\nu)} + 8s_2^{(\nu)} - s_1^{(\nu)}x_1^{(\nu)} - s_2^{(\nu)}x_2^{(\nu)}}{\left(s_1^{(\nu)}\right)^2 + \left(s_2^{(\nu)}\right)^2} = \frac{10 + 2{,}64 - 10{,}03 - 2{,}64}{1 + 0{,}11} = \frac{-0{,}03}{1{,}11} = -0{,}03$$

2– итерация

$$x_1^{(\nu)} = x_1^{(\nu-1)} + \lambda^{(\nu)} S_1^{(\nu)} = 10{,}03 + (-0{,}03) * 1 = 10$$

$$x_2^{(\nu)} = x_2^{(\nu-1)} + \lambda^{(\nu)} S_2^{(\nu)} = 8{,}01 + (-0{,}03) * 0{,}33 = 8$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_1} = 20 - 2x_1 = 0$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_2} = 16 - 2x_2 = 0$$

$$\|\nabla f(\bullet)\| = \sqrt{\left(\frac{\partial f}{\partial x_1}\right)^2 + \left(\frac{\partial f}{\partial x_2}\right)^2} = 0$$

$$\vec{S}_1 = -\frac{\nabla f(x_1)}{\|\nabla f(x)\|} = 0$$

$$\vec{S}_2 = -\frac{\nabla f(x_2)}{\|\nabla f(x)\|} = 0$$

$$\lambda_1^{(\nu)} = \frac{10s_1^{(\nu)} + 8s_2^{(\nu)} - s_1^{(\nu)}x_1^{(\nu)} - s_2^{(\nu)}x_2^{(\nu)}}{\left(s_1^{(\nu)}\right)^2 + \left(s_2^{(\nu)}\right)^2} = 0.$$

Жауабы: $X^* = (10; 8)$

11.3.3. Ньютон–Рабсон әдісі

$$f(x) \to \min, \quad \vec{x}^{(0)}$$

$f(x)$ функция–дифференциалдық деп есептеп, Тейлор қатарына $\vec{x}^{(k)}$ нүктесінде жіктейік:

$$f(x) = f(\vec{x}^{(k)}) + \nabla f(\vec{x}^{(k)})(\vec{x} - \vec{x}^{(k)}) + \frac{1}{2}(\vec{x} - \vec{x}^{(k)})H(\vec{x})(\vec{x} - \vec{x}^{(k)})$$

Бағыт бойынша туындыны табайық $\left[(\vec{x} - \vec{x}^{(k)}) \quad \textit{бойынша}\right]$:

$$\nabla f(\vec{x}^{(k)}) + H(\vec{x})(\vec{x} - \vec{x}^{(k)}) = 0$$

осыдан

$$\vec{x} - \vec{x}^{(k)} = -H^{-1}(\vec{x})\nabla f(\vec{x}^{(k)})$$

сонда

$$\vec{x}^{(k+1)} = \vec{x}^{(k)} - H^{-1}(\vec{x})\nabla f(\vec{x}^{(k)})$$

Егер берілген функция квадраттық болса, онда оптималды шешім табу үшін бір қадам орындау жеткілікті.

11.3.4. Франк-Вульф әдісі

Есептің берілгені:

$$f(x) = \sum_{j=1}^{n_1} c_j x_j + \sum_{j=1}^{n_1}\sum_{i=1}^{n_2} d_{ij} x_i x_j \to \max \qquad (11.3)$$

$$\sum_{j=1}^{n_1} a_{ij} x_j \le b_i, i = \overline{1,m}$$

$$x_j \ge 0, j = \overline{1,n_1} \qquad (11.4)$$

Франк-Вульф әдісінің алгоритмі:

1. Бастапқы шешімді x^0 симплекс әдісімен анықтау.
2. Бағытты есептеу: $S^{(k)} = x^{(*)} - x^{(k)}$, $x^{(*)}$ – келесі есептің шешімі:

$$\sum_{j=1}^{n_1} df / dx_j^{(k)} (x_j - x_j^{(k)}) \to \max$$

$$\sum_{j=1}^{n_1} a_{ij} x_j \le b_i, i = \overline{1,m} \qquad (11.5)$$

$$x_j \ge 0, j = \overline{1,n_1}.$$

3. Қадамды анықтау (λ):

$f(x^{(k)} + \lambda * S^{(k)}) \max$

$\lambda^{(k)} = \min[\lambda^*, 1].$

4. Жаңа нүктелерді анықтау:

$x^{(k+1)} = x^{(k)} + \lambda^{(k)} S^{(k)}.$

5. Егер $f(x^{k+1}) > f(x^{(k)})$ болса, 2-жолға көшеміз, қарсы жағдайда x^{k+1}-оптималды нүкте болады.

25-мысал

$$f(x) = 2x_1 - 0{,}2x_1^2 + 3x_2 - 0{,}2x_2^2 \to \max$$

$$2x_1 + 3x_2 \le 13$$

$$2x_1 + x_2 \le 10$$

$$x_1 \ge 0, x_2 \ge 0.$$

Шешімі. $f^{'}(x) = 2 - 0{,}4x_1 + 3 - 0{,}4x_2 = -0{,}4x_1 - 0{,}4x_2 + 5 \to \max$

1- қадам. Алғашқы шешімді тіке симплекс-әдісімен шығарамыз:

		$-x_1$	$-x_2$	1
y_1	=	2	3	13
y_2	=	2	1	10
z	=	0,4	0,4	5

$X^{(0)} = (0, 0)$.

2- қадам. Бағытын анықтаймыз: $\vec{S}^{(0)} = X^* - X^{(0)}$. X^* келесі сызықты бағдарламалау есебінен анықталады:

$$\begin{cases} \sum_{j=1}^{2} \frac{\partial f}{\partial x_j}\left(x_j - x_j^k\right) = 0 \\ \sum_{j=1}^{2} a_{ij} x_j \le b_i, \; i = \overline{1,2} \\ x_j \ge 0, \; j = \overline{1,2} \end{cases}$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_1} = 2 - 0{,}4x_1 \,|_{x_1=0} = 2$$

$$\frac{\partial f}{\partial x_2} = 3 - 0{,}4x_2 \,|_{x_2=0} = 3$$

$$2\left(x_1 - x_1^{(0)}\right) + 3\left(x_2 - x_2^{(0)}\right) = 2x_1 + 3x_2 \to \max$$

$$2x_1 + 3x_2 \le 13$$

$$2x_1 + \; x_2 \le 10$$

		$-x_1$	$-x_2$	1
y_1	=	2	$\boxed{3}$	13
y_2	=	2	1	10
z	=	-2	-3	0

		$-x_1$	$-y_1$	1
x_2	=	$\frac{2}{3}$	$\frac{1}{3}$	$\frac{13}{3}$
y_2	=	$\frac{4}{3}$	$-\frac{1}{3}$	$\frac{17}{3}$
z	=	0	1	13

$$X^* = \left(0, \; \frac{13}{3}\right). \; \vec{S}^{(0)} = \left(0, \; \frac{13}{3}\right).$$

3- қадам. Қадамды анықтау:

$$f\left(2\left(x_1^{(k)} + \lambda^* s_1^{(k)}\right) - 0{,}2\left(x_1^{(k)} + \lambda^* s_1^{(k)}\right)^2 + \left(x_2^{(k)} + \lambda^* s_2^{(k)}\right) - 0{,}2\left(x_2^{(k)} + \lambda^* s_2^{(k)}\right)^2\right) \to \min_{\lambda^*}$$

$$2s_1^{(k)} - 0{,}4\left(x_1^{(k)} + \lambda^* s_1^{(k)}\right) + 3s_2^{(k)} - 0{,}4\left(x_2^{(k)} + \lambda^* s_2^{(k)}\right) = 0$$

$$\lambda^{(k)} = \frac{2s_1^{(k)} + 3s_2^{(k)} - 0{,}4 s_1^{(k)} x_1^{(k)} - 0{,}4 s_2^{(k)} x_2^{(k)}}{0{,}4\left(s_1^{(k)}\right)^2 + 0{,}4\left(s_2^{(k)}\right)^2}.$$

$$\lambda^* = \frac{13}{0,4*\frac{169}{9}} = \frac{45}{26}. \qquad \lambda^{(0)} = \min\left(1,\ \frac{45}{26}\right) = 1.$$

4- қадам. Жаңа нүктенің мәнін анықтаймыз:

$$X^{(k)} = X^{(k-1)} + \lambda^{(k)}\vec{S}^{(k)}$$

$$X^{(1)} = (0,\ 0) + 1*\left(0,\ \frac{13}{3}\right) = \left(0,\ \frac{13}{3}\right)$$

5- қадам. Функцияның мәнін жаңа нүктеде анықтаймыз:

$$f\left(X^{(0)}\right) = 0$$

